ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

АҚМЕШІТ жастары

6+

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 32 (413)
12 тамыз, 2021 жыл

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

БҮГІН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСТАР КҮНІ

# МЕРЕКЕ КҮНІНДЕ



Мөлдір САБЫРЖАН

**“Кез келген мемлекеттің болашағы – білімді жастар. Бүгінгі жас – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын тұлға. Сондықтан жастық шақтың күш-қайратын егемен елімізді өркендетуге жұмсауға үлес қоса беріңіздер. Биік белестерді бағындырып, заман көшінен қалмай самғаңыздар. Халықаралық жастар күні құтты болсын!”. Бұл – облыстық жастар ресурстық орталығының директоры Азамат Мукеевтің облыс жастарына арнаған жылы лебізі.**

Жастар күнінде өңірде 50-ге жуық іс-шара ұйымдастырылуда. Шаралар карантиндік талаптарға сай ашық аспан астында және онлайн форматта өтеді. 9 тамызда жастар арасында интеллектуалдық сайыстар басталып, іс-шаралар легін спорттық жарыстармен жалғастыру жоспарланған. Одан әрі әртүрлі тақырыптарда семинар-тренингтер мен байқаулар, экологиялық акциялар өткізілмек. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар орталығында өткен брифингте А.Мукеев мәлімдеді.

–Маусым айында бастау алған «Сыр дарыны» шығармашылық байқауы да мереке қарсаңында қорытындыланады. «Мерекеге орай өңірімізде бірнеше орталықтың ашылу рәсімі өтті. Жалағаш ауданында «Coworking» орталығы мен спорт кешені өз жұмысын бастаса, қалалық жастар ресурстық орталығы жанынан заманауи би залы ашылды. Бұл нысандар жастардың белсенділігін одан әрі арттыруға ықпал етеді деген сенімдеміз», – деді Азамат Ырысдәулетұлы.

“Осы апта – біздің мереке” деп қуанған жастардың қатары көп. Жылдағы дәстүр бойынша дүркіретіп тойлай алмаса да, карантин талаптарын сақтай отырып біршама іс-шара өткізіледі. Мұның бәрі жастардың көңілін көтеру, еңбегін бағалау деп түсіндік.

Жалпы бұл мерекені 1998 жылдың 8-12 тамыз күндері Лиссабонда өткен Дүниежүзілік жастар ісі жөніндегі министрлер конференциясының ұсынысымен (International Youth Day) БҰҰ Бас Ассамблеясы 1999 жылдың 17 желтоқсаны күні қабылдаған. Содан бері халықаралық жастар күні тойланып келеді. Мақсат – әлемді дамыту мен құрудағы жастардың рөлі, олардың алдында кездесетін күнделікті мәселелер туралы еске салу.

Брифингте «Сыр үміті» жастар қауымдастығының жыл басынан бері атқарған жұмыстары да айтылды. Бұл туралы аталмыш ұйымның атқарушы директоры Талғат Тілес толығырақ баяндап, халықаралық жастар күніне жоспарланған іс-шаралар мен алда жүзеге асатын жобаларды сөз етті. Қауымдастық қазіргі қалыптасқан жағдайға байланысты барлық шараларды онлайн форматта өткізбек. Ал ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесіне орай ұйым қала жастарына арналған «Смарт боксты» қолданысқа беруді жоспарлауда. «Смарт бокс – жастардың түрлі жобаларын жүзеге асыруға мүмкіндік сыйлайтын жаңа орта. Бұл жерде жастардың тегін интернетті пайдаланып, әртүрлі жанрдағы кітаптарды электронды форматта оқуына барлық мүмкіндік жасалады. Заманауи техникамен жабдықталған смарт бокс әзірге қала орталығына қойылады. Егер жоба өз тиімділігін, жастарға қажеттілігін дәлелдесе, шет аймақтарды да қамтуға жұмыс істейміз», – деді қауымдастықтың атқарушы директоры. Сонымен қатар Талғат Оспанұлы аймақ жастары арасында «Жастар жобаларының хакатоны», «Облыстық студенттер фестивалі», «Ақыл battle» сынды жобаларды жүзеге асыратынын жеткізді.

Бір айта кетерлігі, елімізде жастарды қолдау бағытында игілікті істер аз емес. Көңіл жадыратқан келелі істер біздің облыс та көрініс беруде. Жастар нәтижесін көруде. Мерекелеріңізбен!



**Нұрсұлтан АТЫМТАЙ,**
**Назарбаев университетінің грант иегері:**

# КҮНІНЕ АЛТЫ САҒАТ ДАЙЫНДАЛДЫМ

**Нұрсұлтан Атымтай – №9 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей-интернатының түлегі. Жуырда талантты оқушының SAT (Эс-ЭйТИ-САТ) халықаралық стандартталған тест сертификатындағы балы ҰБТ балына ауыстырылып, Назарбаев университетінің грант иегері атанды. Осы орайда зияткермен тілдесуді жөн көрдік.**

Гүлдана ЖҰМАДИН

**– Нұрсұлтан, әңгімемізді білім сынағына дайындық кезеңдерінен бастасақ. Уақытты қалай жоспарладыңыз, арнайы техника қолдандыңыз ба?**

– Назарбаев университеті туралы алғаш рет 7 сынып оқып жүрген уақытта жоғарғы сыныпта оқитын достарымнан естідім. Сол кезде Қазақстандағы ең мықты университеттердің біріне, яғни студенттерді қолдау, халықаралық дәрежедегі оқыту деңгейі, кампус жағынан барынша дамыған осы университетке оқуға түсемін деп мақсат қойдым. Әрі сол оқу жылынан бастап мектепте жаратылыстану бағыты ағылшын тілінде оқытыла бастады. Сондықтан ағылшын тілі мен математика пәнін түсінуге бар күшімді салдым. Нәтижесінде халықаралық тестке дайындық жүргізу оңай болды. Өйткені шетелдік оқулықтарды түпнұсқадан оқуға үйреніп кеттім де, ешқандай қосымша курсқа жазылмадым. Күніне алты сағатымды дайындыққа арнап, нәтижеге жұмыс жасаудың арқасында осындай үлкен жетістікке жеттім деп ойлаймын.

**– Математика пәнінен облыстық олипиаданың төрт дүркін жеңімпазы екенсіз. Әдетте көпшілік сандарды «сөйлете» алмай жатады. Ал сіздің бұл пәнге бейім болуыңызға, жалпы қызығушылығыңызға не әсер етті?**

– Математика олимпиадасында барлық есепті төрт топқа бөлуге болады: алгебра, геометрия, комбинаторика және теңсіздіктер. Соның ішінде маған комбинаторикалық есептерді шешкен ұнайды. Жалпы олимпиадаға қатысып, белсенді болуыма сөз басында айтқан жоғары сыныптағы достарым ықпал етті. Қазір математика үйірмесіндегі қызықтар мен олимпиада кездері менің ойымда өте жылы естіліктермен сақталып тұр. Есепті бірге үйреніп, бір-бірімізге түсіндіріп жүріп, басқа оқушыларға да қатты бауыр басып қалдық.

**– «Ақпараттық қауіпсіздік» мамандығының сіз үшін маңыздылығына тоқталсаңыз. Сізді бұл салада қандай мәселелер алаңдатады? Жаңадан не үйренгіңіз келеді? Қазіргі ақпараттық жүйеге қандай жаңа өзгеріс енгізгіңіз келеді?**

– Мектеп қабырғасында компьютер ойындары, интернет менің басты қызығушылығым еді. Әлі күнге дейін компьютерден жаңа нәрсе көріп, үйрену маған ерекше мотивация береді. Шынымды айтсам, сол жұмыстарды жүргізіп отырған программисттерге қызығамын. Кейбір ақпараттарға сүйенсек, қазір елімізде осы мамандық бойынша мықты қызметкерлер жетіспейді. Осы жағдай «Ақпараттық технологиялар» мамандығын таңдауыма әсер етті. Әрі болашақта АҚШ, Эстония немесе Жапония елдерінің жоғары оқу орындарында мамандығым бойынша сабақ алып, тәжірибеден өткім келеді.

**– Пікірталас (дебат) алаңында да белсенді екенсіз. Біз білмейтін басқа да өнеріңіз, қабілетіңіз болса айтып беріңізші...**

– Домбыра тартқанды жақсы көремін. Оны Өнер мектебінде жүріп үйрендім. Ұстазым – Ақзәуре Смағамбетова. Осы өнерім арқылы «Алаштың алтын дауысы» республикалық домбыра жарысында гран-при иелендім. Жалпы маған жан-жақты болған ұнайды. Сол үшін былтыр “Жастар, ғылым, болашақ – 2020” халықаралық ғылыми жобасына қатысып, әлеуметтану бағыты бойынша жоба қорғадым. Сондай-ақ интеллектуалдық owlypia жарысынан 2 күміс, 1 қола медаль иегерімін.

**– Әңгімеңізге рақмет!**

STOP: COVID

# 228 АДАМ ВИРУС ЖҰҚТЫРҒАН

**Аймақта эпидемиялық ахуал күрделі. Қызыл аймақта тұрмыз. Сақтыққа салғырт қарағанның нәтижесінде аурумен алысып жатқандар көп. Індет басталғалы бері өңірімізде коронавирус инфекциясымен 12362 науқас тіркелген. Дүйсенбі күнгі мәлімет бойынша 228 адам коронавирус инфекциясын жұқтырған.**

Гүлбану ҮСЕНҚЫЗЫ



− Облыс бойынша инфекциялық стационарда 1314 науқас, реанимациялық төсек-орында 94 науқас ем қабылдауда. Тіркелім көбейген тұста инфекциялық төсек-орындар санын көбейтіп, дер кезінде тиісті ем шараларын жүргізіп келеміз. Амбулаторлы емдеу жұмыстары да жүруде. Облыс бойынша вакцинациялау жұмыстары 2021 жылдың 1 ақпан күні басталды. Бүгінде өңірлерде коронавирус инфекциясына қарсы иммундау науқанына 106 екпе кабинеті, оның ішінде аудандарда 91 кабинет ашылған. Бұдан басқа шалғайдағы ауылдарда, ұжымдарда, адамдар көп жиналатын жерлерде (ірі сауда ойын-сауық орталықтары, базарлар және басқалары) коронавирус инфекциясына қарсы вакцинациялау жұмыстарын жүргізу үшін оқытылған медициналық персоналдар ұйымдастырылды. Сондай-ақ 37 жылжымалы бригада бар, − деді Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жангелді Шайымбетов облыс әкімінің баспасөз орталығында.

Қазіргі таңда Қызылорда облысы бойынша 20 медициналық мекемеде коронавирус инфекциясына қарсы егу жұмыстары үзіліссіз жүргізілуде. 1 ақпан мен 2 тамыз аралығында облыста коронавирус инфекциясына қарсы вакцинацияның 1 компонентімен егілгендер саны – 233 597, 2 компонентімен егілгендер саны – 174 963.

«Коронавирус инфекциясы белгілі болып, ол туралы емханасына немесе дәрігерге хабарламай, үйден өздігінен ем қабылдап жатқандар арасында «Covid-19» көптеп анықталып жатыр. Тұрғындардан ауру белгісі байқалған сәтте дәрігерге қаралып, дер кезінде ем бастауды сұраймын. Медицина саласының мамандары бір жылдан аса уақыт осы кеселмен күресіп келе жатыр. Ауа жетпей, өкпесі қысылған науқастарды көріп, оларды ажалдан арашалау ақ халаттыларға оңайға тиіп жатқан жоқ. Індетпен күрес – ортақ парыз. Осы ретте баршаңызды індетпен күрес жұмыстарына атсалысуға, вакцина салдыруға шақырамын», − деді Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жангелді Мырзагелдіұлы.

# СПОРТТЫ СҮЙГЕН ҰСТАЗ



**Ол саламатты өмір салтын сақтау керек деген ұстанымына берік. Тек сөз жүзінде ғана емес. Бұл қағиданы оның әрбір сабағынан байқауға болар еді. Әсіресе спорт жарысында топ жарған шәкірттері жас мұғалімнің еңбегін сәт сайын дәлелдеп тұрғандай көрінеді. Біз бүгін Арал ауданындағы Жарасхан Әбдірашев атындағы №62 мектеп-лицейінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Бақытбек Әлназарұлы жайлы айтамыз.**

Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ

Қазіргі уақытта қай саланы алып қарасақ та, жұмысқа деген жауапкершілік басты орында тұрады. Әрине мұндай талаптың үдесінен шығу үшін мамандыққа деген ерекше сүйіспеншілік қажет. Бақытбектің жұмысын басқалардан үздік ететін де осы қасиеті.

Таяуда Арал ауданы бойынша Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Ұлттық мектеп лигасы» 9-11 сынып оқушылары арасында баскетболдан жарыс ұйымдастырылды. «Алтын доп» деп аталатын аудандық іріктеу жарысында үздік нәтижемен №62 мектеп-лицей командасы III орын иеленді. Мұндай мерейлі сәтті ұзақ күткен ұстаз Бақытбектің жүзі қуаныштан бал-бұл жанып, келесі жарысқа үлкен құлшыныспен кірiскені рас. Сондай зор ықыластың көп ұзамай нәтижесі көріне бастады. Бақытбектің үздік шәкірті Нұрболат Сералиев облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен мектеп оқушылары (ер балалар) арасындағы баскетбол фристайлы байқауында үздік өнер көрсетіп, жүлделі II орынды аралдық жас спортшылардың қанжығасына байлады. Мектеп ұжымы да, ата-ана да Нұрболатпен бірге ұстазының мықтылығына тәнті болған сонда.

Эпидемиологиялық ахуалдың аудан халқына да біршама әсер еткені рас. Бірақ еңсесі қайта тіктелген жұрт балаларының жаңа оқу жылын мектепте қарсы алатынына қуанады. Дәл қазір жас ұстаз да жаңа жоспары мен идеясын талқыға салып, оқушылармен қайта қауышатын күнді тағатсыздана күтіп жүргені анық. Тіпті өзі «Денсаулықты күту – жастардың қолында. Олардың зиянды әдеттерге үйір болмай, спортқа жақын болғанын қалаймын. Сондықтан жастарды мотивациялық тұрғыда қолдау арқылы шынықтыру қажет» дейді. Осыған қарап, Бақытбектің спорт саласын дамытуға әлі талай үлес қосарына біз де сенім білдірдік.

**Гүлнәр ЖАҚСЫЛЫҚОВА, Назарбаев зияткерлік мектебінде педагогикалық шеберлік орталығының тренері:**

# «ШАМШЫРАҚ» – КӘСІБИ ДАМУДЫҢ ОНЛАЙН КЕҢІСТІГІ




**– Гүлнәр Тәңірбергенқызы, білім беру саласындағы соңғы өзгерістерге қатысты қандай жаңаша ой, тың идеямен бөлісер едіңіз?**

– Иә, білім саласы заман талабына сай өзгерістер мен дамуды талап етеді. Сол талаптар ішінде мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту аса маңызды. Оның жолдары көп, мәселен әдістемелік, шығармашылық бірлестіктердегі жұмыс, кәсіби конкурстарға, шеберлік сыныптарына, форумдарға, фестивальдарға қатысу, инновациялық қызметпен айналысу, зерттеу қызметін белсенді жүргізу. Былтырдан бастап «осы құзыреттілігіміздің деңгейі қаншалықты жоғары, өз тәжірибемізге қандай өзгеріс енгізу керек» деген ой туындады. Осы тұрғыда мұғалімнің шығармашылықпен жұмыс жасап, кәсіби дамуы үшін жан-жақты әдістемелік қолдау қажет. Бүгінде білім шекаралары кеңейіп, білім беру онлайн форматта қолжетімді болды. Ендеше тың идея, жаңа серпіліске ынталанып, оқушыларға терең білім беріп, адами құндылықтарды дәріптейтін онлайн алаңның болуы заңды. Осы бағытта «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының facebook парақшасында «Шамшырақ» онлайн-алаңы ашылды. Бүгінде осы алаңға 35000 педагог тіркеліп, тәжірибе алмасуда. Кәсіби қоғамдастықтар кез-келген өзгеріс пен жаңа бастамаларды іске асыруда таптырмас құрал екенін білесіздер. Сондықтан мектеп мұғалімдеріне қолдау көрсету және онлайн-алаңды танымал ету – біздің мақсатымыз. Осы орайда, «Мектеп тренері» парақшасы да жұмыс істейді. Бұл парақша ҚР мектептерінің әдістемелік активі мүшелерінің және оқу ұйымның өзекті мәселелері бойынша тәжірибесін тарату және диалогты ұйымдастыруға арналған.

**– «Шамшырақ» онлайн-алаңы кәсіби дамуға қалай ықпал етеді? Бұл қаншалықты пайдалы деп есептейсіз?**

– Қазақтың тұңғыш педагогі, ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойы қарсаңында ашылған алаң мектеп тәжірибесін дамыту үшін жаңа білім іздеушілерге интерактивті тәсілдерді, тұшымды ойларды ұсынады. Педагогикалық тәжірибені тарату «Қазақ зиялыларының ағартушылық қызметтері», «Сабақты қалай ұмытылмастай өткізу керек?», «Мұғалімнің цифрлық зертханасы», «Мектептегі зерттеу: біздің тәжірибеміз – біздің нәтижеміз», «Білім беру жобалары: digital-ұрпақтың жүрегіне жол табу», «Ата-аналармен диалог» сынды өзекті тақырыптарды қамтиды. Жалпы парақшада сабақтардың бейнежазбалары, шеберлік-сыныптар, шағын дәрісті және авторларымен жүргізген сұхбаттарды көруге болады. Сондай-ақ "Дала қоңырауы" подкастымен тақырыптық сұхбаттарды тыңдауға мүмкіндік бар. Мысалы, Серғали Толыбеков атындағы №3 IT мектеп-лицейінің физика пәні мұғалімі, «Ы.Алтынсарин» медалінің иегері Шолпан Сүйеуова парақшада өз тәжірибесімен бөлісіп, бейнежазбасын ұсынды. «Геометриялық оптика заңдарын қолданып есеп шығару жолдарын үйрету» тақырыбындағы шеберлік сыныбында Шолпан физика пәнін оқытудағы белсенді оқыту тәсілдерінің тиімділігін практикамен ұштастыра отырып, ұтымды жеткізді.

**– Интернетте мұндай сайттар көп. "Шамшырақтың" артықшылығы неде?**

– Мұғалімдер өзіне қажетті өзекті тақырыптар төңірегінде бейнежазбалар мен посттарды көру арқылы көкейіндегі сұрақтарға жауап алып, өз пікірін білдіре алады. Кез-келген тың идеяны жариялап, жаңаша инновациялық әдіс-тәсілдермен танысу, өз тәжірибеңізде пайдалану мүмкіндігі бар. Жаңа идея немесе инновациясы бар мұғалімдер өз сұхбаттарын ПШО-ның Youtube-арнасында немесе филиалдардың FB-беттерінде, баспа БАҚ-та жариялауына болады.

**– Келешекте осы жұмысты жандандыру мақсатында қандай жоспарларыңыз бар?**

– «Шамшырақ» парақшасында облыстың үздік мұғалімдері өз тәжірибесімен бөліседі. Сонымен қатар алаңда кәсіби жобалармен танысып, үздік шеберлік сыныптар, ашық сабақтар мен дәрістерді тыңдауға болады. Ted-мұғалімдердің сөйлеуін ПШО-ның Youtube-арнасында, филиалдардың FB-беттерінде жариялап, жазылушылар арасында «Үздік хабарлама», «Үздік пікір», «Ең белсенді абонент» конкурстар өткізуді жоспарлап отырмыз.

**– Сұхбаттасқаныңызға рақмет!**

**Гүлдана ЖҰМАДИНОВА**

# ҚАЗАЛЫДА – ЖАҢА БАСШЫ



**Облыстық жастар ресурстық орталығының келісімімен «Қазалы ауданының ішкі саясат бөлімі» КММ-нің «Қазалы қалалық жастар ресурстық орталығы» КММ-нің директоры қызметіне Нұрбек Нысанбекұлы тағайындалды.**

Нұрбек Ақпанбетов 1993 жылы 26 желтоқсанда Қазалы ауданы Жалаңтөс батыр ауылында дүниеге келген. Білімі – жоғары. 2015 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Ақпараттық технология» мамандығы бойынша бітірген. Университет қабырғасында студенттік кеңес төрағасы, студенттік кәсіподақ комитетерінің төрағасы болған. Еңбек жолын 2016 жылы Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» КММ инспекторы болып бастаған.

# 1000 АДАМ ЕКПЕ АЛДЫ



**16 маусымнан бастап облыстық жастар ресурстық орталығында коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинациялау пункті ашылып, екпе егу жұмыстары басталған. Сол уақыттан бері сол жағалау тұрғындарына және сол жағалауда орналасқан мекеме қызметкерлеріне ерікті түрде вакцина салынуда.**

Ғаламды шарпыған індетке байланысты орталық ғимаратынан ашылған вакцинация пунктінде екпе егу жұмыстары әлі де жалғасуда. Бүгінге дейін есептік қорытынды бойынша, өз еркімен келіп, 1000 тұрғын екпе қабылдады. Сонымен қатар орталық ғимаратында алғашында тұрғындар екпенің І кезеңін салдырса, қазіргі уақытта ІІ кезеңін де егу жұмыстары жүргізілуде. Дәрігерлер екпе алғандар тарапынан әзірге ешқандай шағым жоқ екенін айтады. Вакцинаны салу әр адамның еркіне қарай жүргізілуде.

# КЕЗЕКТІ ОТЫРЫС



**Nur Otan партиясының Сырдария аудандық филиалы жанындағы Жастарды қолдау жөніндегі Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өтті. Карантин талаптарына сай ұйымдастырылған кеңес отырысына кеңес мүшелерімен қатар күн тәртібіндегі мәселелер бойынша атқарушы орган өкілдері де қатысты.**

Кеңес төрағасы, аудандық мәслихат депутаты Ақтөре Ибрагимұлы Nur Otan партиясының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір» атты сайлауалды бағдарламасын орындау мақсатында Қоғамдық кеңестер құрылғанын айта келе, Жастарды қолдау жөнінде қоғамдық кеңес өз жұмысын жаңадан бастағанын атап өтті.

– Бүгінгі күнге дейін Жастарды қолдау жөніндегі қоғамдық кеңестің міндеті, мақсаты, жалпы ережесі, кеңес құрамы, өкілеттілігі жөнінде ақпараттар ұсынылды. Бүгін біз күн тәртібіне екі мәселе ұсынып отырмыз. Оның біріншісі жастар арасындағы кәсіпкерліктің дамуы туралы болса, екіншісі аудандағы жалпы жастар саясатының жүзеге асырылу барысына арналады. Екі мәселе де ауданымыздың жастары үшін аса маңызды. Біз Nur Otan партиясының сайлауалды бағдарламасында айқын көрсетілген бағыттардың орындалуына үлес қосып, мәселелер бойынша ұсыныстар енгізуіміз қажет, – деді Кеңес төрағасы.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Сырдария аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің сектор меңгерушісі Л.Қозыбаева хабарлама жасады.

– Аудан бойынша 2021 жылдың 1 шілдесінде 2579 шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері тіркелді. Оның ішінде жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлік саны 2377. Жас кәсіпкерлер саны – 512. «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасының екінші бағыты бойынша 2021 жылдың І жартыжылдығында 175,6 млн теңгенің 36 жобасы несиелендірілді. Оның ішінде 6 жас кәсіпкердің жобасы 21,0 млн теңге несие алған. Олардың басым бөлігі мал басын көбейту, бордақылау секілді жобаларды қамтиды, – деді бөлімнің сектор меңгерушісі.

Атап өту керек, кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары арқылы 62 жас кәсіпкердің жобасы 111,9 млн теңге көлемінде мемлекеттік қолдауға ие болды. Бұл – барлық бағдарлама бойынша құны 945,1 млн теңгені құрайтын 258 жобаның 11,8 пайызы. Айта кетейік, ауданды дамытудың Жол картасы бойынша «Жастарға арналған аудан» басымдығы бойынша жыл сайын 7 жас кәсіпкерге грант беріліп келеді. Ауданда бүгінде 14-29 жас аралығында 10 200-ден астам жас бар. Бұл – аудан халқының 26,4 пайызы. Биыл аудандық жастар орталығы жұмыссыз жастардың қатысуымен 62 іс-шара ұйымдастырған. Оның ішінде қайырымдылық акциялары, рейд, психологиялық семинар, туристік слет, спорттық іс-шаралар мен кездесулер бар. Қазіргі таңда тіркелген және тіркелмеген жастарды қоса есептегенде ауданда 470 жас жұмыссыз.

– Жастардың осал топтарына кіретін маргинал жастар – орталық жұмысының негізгі бағыты. Олар қоғамдық жұмыстарға тартылып, кәсіпкерлік курстарына қатысуда. Пробация есебінде тұратын жастар 11, оның әлеуметтік картасы жасақталып, үш топқа бөлінген және әлеуметтік көмектер көрсетілуде. «Жастар бригадалары» арқылы 81 жас тұрақты жұмыспен қамтылды. Отбасылық құндылықтарды сақтау мен нығайту мақсатында «Әкелер мектебі» мен «Еркежан» қыздар клубы құрылып, жұмыс істеуде, – деді Д.Баджанова.

# 600 ОТБАСЫНА ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК




**«Қайырымды істер марафоны» аясында әлеуметтік желілерге халықтан киім-кешек, тұрмыстық заттар қабылдаймыз деген хабарландыру жарияланды. Жомарт жандар табылды. Әлеуметтік дүкенге жеткізілген 3000-нан астам киім-кешек, 10 тұрмысқа қажетті зат кезекті жәрмеңкеде тұрмысы төмен отбасыларға таратылды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында облыстық волонтерлер фронт офисінің жетекшісі Болатбек Айтбенбетов хабарлады.**

«Облыстық жастар орталығына келе алмайтын жандарды ескеріп, біз апта сайын әр шағын ауданда көшпелі жәрмеңке ұйымдастыруды жөн санадық. Нәтижесінде Баламекен елді мекенінде, Сабалақ және Ягодка саяжайында тұрғындарға киім-кешек тараттық. Алдағы уақытта Белкөл кентіне бару жоспарда бар. Жәрмеңке аясында 600-ден астам отбасына халықтың қолдауымен әлеуметтік көмек, сондай-ақ мүгедек жандарға 7 арба, 3 ходунок, 2 балдақ берілді», – деді ол.

Қайырымды істер бастамасы мұнымен біткен жоқ. Өткен айда Арал ауданына облыс кәсіпкерлерінің, мешіт имамдары мен жамағаттарының, ерікті жастардың қолдауымен 12732 бау шөп жөнелтілді. Шиеліде де тұрмысы төмен бір отбасына үй берілді. Ал, Қазалы ауданы, Бірлік ауылдық округ әкімі аппараты және ауылдың ерікті жастарының бастамасымен «Рамберді ишан» мешіті жанына мешіттің жабдықтарын қоятын сарайдың іргетасы қаланды.

Тағы бір қуанышты жаңалық, Қызылорда қаласының Сабалақ саяжайында тұратын екі мүгедек баласы бар отбасына кәсіпкерлердің қолдауымен баспана берілді.

# АУЫЛ ЖАСТАРЫ ҮШІН



**ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен "Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы" КЕАҚ гранттық қаржыландыруының "Ауылдағы азаматтық бастамаларды дамытуға бағытталған іс-шаралар кешенін ұйымдастыру" жобасы аясында Жалағаш ауданы, М.Шәменов ауылының тұрғыны, ерікті жас Сәтбай Серәліұлы шағын гранттар байқауының қорытындысы бойынша қаржылай 500 мың теңге грант иегері атанды. Ол жобаны жүзеге асыру аясында ауыл жастарының бос уақытын тиімді ұйымдастыруға арналған түрлі спорттық құрал-жабдықтар сатып алды.**

Аудандық жастар ресурстық орталығы директоры Н.Амандық, орталық қызметкерлері және ауыл әкімі Ғ.Есжанов сейсенбі күні Coworking орталығымен танысу үшін арнайы ат басын бұрып, Сәтбайдың жұмысына сәттілік тіледі. Алдағы уақытта ауыл жастары бос уақытын осы орталықта өткізіп, спорттық іс-шараларға қатысады.

# МӘМС: 21,3 млрд теңге



**Қызылорда облысының тұрғындары Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына 21,3 млрд теңге аударды. Бұл туралы «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов мәлімдеді.**

Жүйе іске қосылған 2017 жылдың 1 шілдесінен 2021 жылдың 1 шілдеге дейінгі аралығында Қызылорда облысының тұрғындары әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына 21,3 млрд теңге аударды, оның 15,1 млрд теңгесі (70,9%) жұмыс берушілердің аударымдары болса, қалған 6,2 млрд теңге (29,1%) – жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық келісімшарт негізінде еңбек ететін тұлғаларға тиесілі. Жарна төлеу жағынан Қызылорда қаласы, Шиелі мен Жаңақорған ауданы көш бастап тұр.

Жинақталған қаржы сенімгерлік басқару туралы келісім бекітілген Ұлттық банкте сақталады және МӘМС пакеті шеңберіндегі қызметтер ақысын төлеуге жұмсалуда.

# ВАКЦИНА АЛУҒА ШАҚЫРАДЫ




**Аймақта мүмкіндігі шектеулі жандар да екпе алуда белсенділік танытуда. Өңірде 20 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі жан бар. Олардың жартысы жұмыс істейді. Сондықтан вакцина алып, вирустан сақтануды қолдайды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен брифингте «Қызылорда облысының мүгедектер қоғамы» ҚБ төрағасы Мұрат Жұмаділлаев мәлімдеді.**

«Өз басым ІІ топ мүгедегімін, «Спутник V» вакцинасының екі компонентін де алдым. Кері әсерін тигізген жоқ. Бастысы, жеке жауапкершілігімізді арттыруымыз қажет. Халықтың басым көпшілігі вакцина алса ғана, ұжымдық иммунитет қалыптасатыны анық», – деді Мұрат Әлімбайұлы.

Одан әрі облыстық мүгедектер қоғамымының төрағасы індетпен күресте тұрғындарды сақтық шараларын қатаң сақтауға шақырып, екпе алуда белсенді болуға үндеді.

**Болашаққа инвестиция жинауда депозит – ең сенімді көмекші. Себебі, қаржыны үйде сақтағаннан банкте сақтаған тиімді. Оның үстіне банк қосатын пайыздардан ақшаңыздың үстіне пайда табасыз. Яғни депозит – ақшаны сақтауға арналған ыңғайлы қор. Депозит сөзі латынша depositum «ақшалай кепіл» және «сақтауға арналған зат» деген мағынаны білдіреді. Біздің ата-бабаларымыз сандыққа ақша сақтап, орамалға түйіп жүргенде, Еуропада бұл қызметке екінің бірі жүгінген. Себебі, депозиттің тарихы Ежелгі Элла дәуірінде қалыптасқан.**

# ҚАЙ БАНК ДЕПОЗИТІ ТИІМДІ?



Бүгінде екінші деңгейлі банктердің барлығында депозиттың болуы заңдылық. Себебі, банк сіздің қаржыңызды сақтау арқылы өзін де, салымшыны да пайдаға кенелтеді. Біздің елде депозиттың екі түрі ұсынылады. Біріншісі, жылдық, екіншісі, айлық табыс. Яғни жылдық депозитте қаржыңызды 1 немесе 2 жылға салып, оны кез келген уақытта ала алмайсыз. Егер алатын жағдай болғанда пайыздық үстеме төлеуге мәжбүр боласыз. Ал айлық депозит «Әмбебап» деп аталады. Аты айтып тұрғандай, бұл депозитте қаржы 15 күн сақталса болды, ақшаны шешіп аларда ешқандай жүктеме көрсетілмейді. Кез келген уақытта ақшаны толықтыруға және алуға болады. Осынысымен қолайлы болғанымен банк тарапынан берілетін сыйақысы жылдық депозитке қарағанда төмен болады.

Жеке куәлікпен депозитті ашу да, жабу да оңай. Бірақ банкпен жасалатын келісім шартты мұқият оқып шыққан жөн. Сондай-ақ келісім шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда қанша айыппұл төлейсіз, ақшаны шешіп алғанда комиссия қанша болады? Осының барлығын алдын ала анықтау керек.

Халықтың әлі де банк саласына сенімі толық қалыптаспаған. Бұл – заңдылық. Себебі, елімізде жылына 2-3 банк банкротқа ұшырайды. Сол себепті ақшаны рейтингі жоғары банктерге салған абзал. Мысалы, «Халық» банк. Мұнда банктың сыйақысы өзге екінші деңгейлі банктермен салыстырғанда төмен болғанымен кепілдік мөлшері жоғары. Яғни өзге банк банкротқа ұшыраса, 10 депозиттегі 10 миллион теңгеңізді ғана қайтарады. Ал «Халық» банкінде 15 миллионға дейін кепілдік қарастырылған. Салымшылардың қаржысын кепілдендіруде елімізде депозиттерге кепілдік беру қоры бар. Бұл дегеніміз – елімізде сіздің қаржыңыздың қанша екеніне, жеке тұлға болсаңыз, не болмаса жеке кәсіп арқылы ашылған барлық депозит түріне мемлекет кепілдік береді деген сөз. Тіпті банктегі қазіргі шотыңызбен бұрынғы шотыңызға да кепіл бола алады. Бұл туралы «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру» туралы заңында қарастырылған. Егер бұл туралы толығырақ білгіңіз келсе, www.kdif.kz сайтынан біле аласыз. Банк таратылып, сот шешім шығарған күннен кейін 14 күннің ішінде Қор республикалық Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы төлем жасайтын агентті атап, төлемдердің басталғаны туралы хабарлама береді. Содан кейін 10 миллион теңгеге дейінгі кепілдік ақшаңызды ала аласыз. Егер банк банкрот болған жағдайда Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры депозитке салған ақшаңызды өсімсіз қайтарып береді. Алайда ол 10 млн теңгеден асып кетпеуі керек. Тағы бір айта кететіні, сіз өз депозитіңізді сақтандыру үшін депозиттерге сақтандыру қорымен келісім шарт жасасуға міндетті емессіз, салымшының салымы жөніндегі келісім шартқа қол қою жетіп жатыр. Депозитке қаржыны доллар, еуро сияқты шетелдік валюталарда салуға болады. Бірақ ай сайынғы пайыздық өсімі аз болады. Егер ұлттық валютаның девальвацияға ұшырауынан қорықсаңыз, шетелдік валюта сіз үшін тиімді. Ал ондай қорқынышыңыз болмаса, теңгемен депозит ашу арқылы жақсы табыс табуға болады. Себебі, теңгемен салатындар үшін банктер жоғары пайыз ұсынады. Мысалы, биылғы девальвациядан кейін қазақстандық банктер теңге депозиті үшін 15 пайыз, шетелдік валюта үшін 2 пайыз өсім жасады.

Ұлттық Банк мәліметіне сүйенсек, 2021 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша салым мөлшері 14,8 трлн теңгеден асқан. Ал 2016 жылдың маусым айында бұл көрсеткіш 10,7 трлн теңге болатын. Осылайша бес жыл ішінде бұл сома 38,3 пайызға немесе 4,1 трлн теңгеге артты. Жеке тұлғалардың салымдары 9,9 трлн теңге (+57,1%), ал заңды тұлғалардың салымдары 4,9 трлн теңге (+11,3%) болды. Өңірлер бойынша ең көп қаражат мөлшері Алматы қаласында 6 трлн теңге және Нұр-Сұлтан банктерінде 3,2 трлн теңге жинақталды. Одан әрі Қарағанды облысы – 731,5 млрд теңге, ШҚО – 655 млрд теңгеден астам, Қостанай облысы – 520,5 млрд теңге, Павлодар облысы – 511,3 млрд теңге, Атырау облысы – 490 млрд теңгеден астам және Ақтөбе облысында 476 млрд теңге сақталған. Депозиттердегі ең аз ақша Қызылорда облысында – 159,4 млрд теңге және Түркістан облысында – 58,5 млрд теңге.

Салған ақшаңыз аз уақытта табыс түсірсін десеңіз, пайыздық өсімі жоғары депозит таңдау керек. Қазіргі таңда теңге үшін ең жоғары өсім – жылына 15,2 пайыз. «Халық банк» пен «Банк Хоум кредитте» қарапайым депозит бар. Ал 15 пайыздық өсімді: Сбербанк «Көбейт», «Басқар» депозиті мен «Еуразия» банкі TURBO депозитін ұсынады. 14,9 пайыздық өсіммен AsiaCreditBank «Мультивалюталы үздік таңдау», Qazaq bank «Нағыз», Altyn Bank «Алтын қор», Delta bank «Дельта», Bank RBK «Depositum», Forte Bank «Депозит» т.б. банктерде бар.

Қазақстандық банктердің депозиттері мен олардың жылдық өсімі туралы қазақстандық қаржы порталынан білуге болады. Бұл жерде қазақстандық банктердің депозиттері мен әр валютаның жылдық өсімі туралы барлық мәлімет көрсетілген. Банктердің депозиттегі жылдық өсімі бірдей болғанымен, ақша сақтау шарттары әртүрлі.

> *Өткен жылы елімізде депозит мөлшері 3,3 процентке өскен. Ұлттық банк мәліметіне сүйенсек, жалпы қаражат мөлшері 21 млрд 371 млн теңгеге жеткен. Заңды тұлғалар бойынша 11 млрд 141 млн теңге болса, жеке тұлғалардың депозиті 10 млрд 230 млн теңге. Теңгемен сақталған депозит мөлшері – 12 млрд 631 млн теңге. Ал шетел валютасындағы депозит көлемі – 8 млрд 740 млн теңге.*

– Депозит банктің негізгі ресурсын құрайды. Яғни екінші деңгейлі банктер халықтан депозиттерді тарту арқылы қор калыптастырып, оны өз кезегінде экономиканы каржыландыруға, қор нарығында, инвестициялық бағытта жұмсайды. Казіргі кезде елімізде депозиттің жылдық мөлшерлемесі 9 пайыз шамасында. Бұл салыстырмалы түрде басқа дамыған елдерге қарағанда үлкен болып көрінуі мүмкін, алайда егер инфляция деңгейімен салыстырып қарайтын болсақ, керісінше төмен. Яғни депозиттің жылдық проценті көп болғанымен, егер сол елдегі ақша құнын тез жоғалтатын болса, пайдасы аз болады деген сөз. Қазіргі кезде әлемдік тәжірибеде банктер негізінен осы депозиттер есебінен өзінің негізгі қорларын түзеді деп айтуға болады. Ал біздің елде жағдай өзгеше, бізде банктің негізгі қаражаты құрылымында акционерлердің салымы, немесе мемлекеттік қолдау арқылы түсетін қаражат салыстырмалы түрде көп. Яғни депозит сақтау мәдениеті әлі қалыптаспаған және банктерге деген сенім төмен екенін байқауға болады, – дейді экономист сарапшы Оразбек Мырзақұл.

Депозитте ақша қалай өсетініне тоқталсақ. Мысалы, сіз 10 пайыздық өсімі бар депозитке 500 мың теңге салатын болдыңыз. Демек, 500 мың теңгені 10 пайызға көбейтіп, 12 айға бөлеміз. Шыққан сома сіздің ақшаңызға ай сайын қосылатын «сыйақы».

– Депозит ақша сақтаудың ең тиімді тәсілі. Өйткені біздің елде жыл сайын инфляциядан ақша, тауар құны өсуде. Мәселен, өткен жылы инфляция 7,5 пайыз болса, қазір 8,4 пайыз. Азық-түлік инфляциясы 11 пайыздың үстінде шарықтады. Мұндай жағдайдың барлығы біздің жинақтарымыздың да құнсызданып жатқанын көрсетеді. Егер де сіз қаражатты үйде, сейфте ұстасаңыз, онда тіпті сіздің қаражатыңыз құнсыздануда. Өткен жылы 100 мың теңгеге сатып алған тауарыңызды биыл сол бағаға ала алмайсыз. Осындай кезде депозиттің көмегіне жүгінуге болады. Қазір депозиттегі қаржыға 10 пайыз сыйақы берсе, елдегі инфляция деңгейі 8,5 пайыз. Байқағаныңыздай, сіздің қаржыңыз көбейіп жатпағанымен өз құнын сақтауда. Біздің елде дамыған елдермен салыстырғанда пайыздық үстеме жоғары. Тіпті кей мемлекетте банкте ақша сақтағаныңыз үшін сыйақы бермек түгіл қайта қызмет құнын төлейсіз. Сондықтан елдегі депозит қызметін тиімді пайдалануға кеңес беремін. Бірақ қай банктың депозитіне сақтау керек деген сұрақ туындайды. Біздегі банктер әлемдік деңгейдегі дәрежеде емес. Салыстырмалы түрде орташа. Швейцария, Еуропа, Американың мықты банктері бар. Олар рейтингтік агенттіктердің дәрежесінде «ААА» деген көрсеткішпен жоғары бағаланады. Осыдан-ақ банктың қаншалықты сенімді екенін аңғаруға болады. Әлемдік инвесторлар, миллиардерлер сол банктерде ақшасын сақтайды. Біздің елдегі банктер «ВВВ» деңгейінде. Осы жерде мән беретін дүние әр банкке жеке-жеке рейтинг беріледі. Ал рейтинг беретін әлемдік 3 ұйым бар. Олар банкты бағалап, ВВВ+, ВВВ тұрақты, ВВВ-негативті деп бағалайды. ВВВ-негативті банк қатарында өткен жылы Тенгри банк болған. Ұзамай банк жабылды. Соңғы 3-4 жылдықты қарасақ, біздегі банк саны азайып бара жатқанын байқайсыз. 5 жыл бұрын 30-дан астам банк болса, қазір 23 банк бар. Демек ақшаңызды ВВВ-негативты бағалау көрсеткіші бар банкке салудан сақтанған жөн. Елімізде 5 ірі банк бар. Оларды жүйе құраушы банктер деп атайды. Сол банктерге сенім білдіруге болады. Сонда да депозитте 10 млн теңгеден, доллармен 5 млн теңгеден астам қаражат сақтамаған абзал. Сондай-ақ бар қаражатты бір ұяшықта сақтамай, өзге де ұяшықтарға бөліп сақтау тиімді, – дейді экономист сарапшы Мақсат Халық.

Сарапшылардың айтуынша, сіздің қаржылық болашағыңыз қанша ақша табатыныңызға емес, табыстан қанша ақша қалатынына байланысты. Сондықтан қаржыгерлер ай сайынғы табысыңыздың 10 пайызын болса да, депозитке салып отыруға кеңес береді. Шет елдерде бала туыла салысымен оның атына депозит ашып, ақша жинауды бастап кетеді. Осының арқасында бала кәмелет жасқа толғанша есеп шотында қомақты қаражат болады. Бұл қаржыны баланың біліміне, үй алуына немесе басқа да қажеттіліктеріне жұмсайды. Біздің елдегідей несиеге білім алып, той жасап, ипотека рәсімдемейді. Керісінше, болашақ ұрпағына қаржы жинап, бала өскенде тұлғалық дамуына күш салады.

# САРАПШЫ: ИНФЛЯЦИЯ ДЕҢГЕЙІ ӨСІП, АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ ҚЫМБАТТАЙДЫ

**Бұл өзгеріс бірінші кезекте әлеуметтік маңызы бар тауарларға қатысты. Биыл Ұлттық банк инфляция 4-6 пайыз деңгейінде болады деп болжаған еді. Алайда күні кеше ғана Ұлттық статистика бюросы қымбатшылық көрсеткіші аталған дәлізден асып кеткенін мәлім етті. Мәселен, жыл басынан бері азық-түліктің бағасы 7,3%-ға, азық-түліктік емес тауарлар бағасы 4,5 пайызға өскен.**



Tickmill халықаралық брокерлік топ сарапшысы Арман Бейсембаев бұл қымбатшылықтың басы ғана деп есептейді. Айтуынша, инфляциялық болжам өсе салып, төмендейтін үдеріс емес, ол созылмалы мәнге ие. «Жалпы оның 2 түрі бар. Бірі – сұраныс инфляциясы. Екіншісі – ұсыныс инфляциясы. Қазіргі кезде болып жатқан өзгеріс бұл сұраныс инфляциясы емес. Бұл локдаундар, елдің монетарлық саясаты мен әлемде болып жатқан оқиғалардан туған ұсыныс инфляциясы. Халық тарапынан сұраныс жоқ, себебі халықтың табысы өсіп жатқаны шамалы. Алайда бағалар шарықтап барады. Күзге қарай мәселе күрделене түседі деген болжам бар», – деді қаржы сарапшысы.

Арман Бейсембаев биыл бүкіл әлемде осындай жағдай қалыптасқанын тілге тиек етті. Мысалы, АҚШ-тағы инфляция деңгейі 2 пайыздық дәлізден асып кеткен. Ал жылдың соңына қарай тіпті 8 пайыз деңгейіне жетуі мүмкін. Дәл осындай жағдай Еуропада да қалыптасқан. «Біз әлемдік экономиканың бір бөлігіміз, сондықтан оған тәуелдіміз. Сыртқы нарықта азық -түлік бағасы өсуде, сонымен қатар елдің агроөнеркәсіптік саласында дағдарыс орын алды. Өткен жылы да солай болған. Құрғақшылық, астықтың аз болуына алып келді. Бұл мәселе биыл да шешілген жоқ», – деді Арман Бейсембаев.

Сарапшының болжауынша, күзде бірінші кезекте ет пен әлеуметтік маңызы бар өнімдердің бағасы өседі.

– Күзге қарай ет бағасы қымбаттауы мүмкін. Бұл қуаңшылықтан аймақтағы малдың қырылауына байланысты. Ұн мен нанға қатысты қиындықтар да туындауы мүмкін. Бұған қоса әлеуметтік маңызы бар өнімдер бағасының өсу қарқыны бар. Мен халық арасында дүрбелең туғызғым келмейді, бірақ соған қарамастан осындай жағдай қалыптасуы әбден мүмкін», – деді қаржы сарапшысы. Мұның алдын алу үшін не істеуге болады? «Үкімет алдын ала шаралар қабылдауы керек еді. Енді кеш, – деді сарапшы Арман Бейсембаев .

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, шілде айында қырыққабат бағасы 12,6, қызылша – 9,1, пияз – 8,2, күнбағыс майы – 4,2, құс еті – 3, қарақұмық жармасы – 2, 6 пайызға өскен. Сонымен қатар жылқы еті – 2,5, қой еті – 2,4, сиыр еті – 2,2, жұмыртқа 1,3 пайызға қымбаттады.

# MOODY'S KASPI BANK РЕЙТИНГІН КӨТЕРДІ




**Moody's халықаралық рейтинг агенттігі Kaspi Bank рейтингін көтерді. Ұлттық және шетелдік валютадағы депозиттердің ұзақмерзімді рейтингі Ва2-дан Ва1-ға дейін көтерілді.**

Халықаралық деңгейдегі ұзақ мерзімді депозиттік рейтингтердің болжамы және эмитенттің жалпы болжамы «Позитивтен» «Тұрақты» болып өзгертілді, – дейді Moody's сарапшылары.

2020 жылы және 2021 жылдың бірінші тоқсанында кірістілік тұрақты болып, өтімділік жастығы күшейтілді және Kaspi активтерінің сапасы жақсарды.

– Рейтингтің өсуі – бұл біздің бизнесіміздің жоғары сапасының және үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес жұмыс принципінің тағы бір мойындалуы. Біз клиенттеріміз үшін инновациялық қызметтерді құруды және іске қосуды жалғастырамыз. Мысалы, біз маусымда пойыз билетін Kaspi.kz супер қосымшасында онлайн сатып алу мүмкіндігін іске қостық. Біз қазақстандықтарды әрқайсымыздың өмірімізді жақсартатын жаңа қызметтермен таңдандыратын боламыз. Бізбен бірге болғандарыңызға рахмет, – деді Kaspi.kz басшысы Михаил Ломтадзе.

Moody's сондай-ақ банктің ұлттық шкала бойынша ұзақ мерзімді депозиттік рейтингін А1.kz-тен Аа3.kz-ке, ал ұлттық контрагенттің ұзақ мерзімді тәуекел рейтингін – Аа.kz-ке Аа2.kz деңгейіне көтерді. Депозиттердің қысқа мерзімді рейтингі және Not Prime деңгейіндегі қысқа мерзімді контрагенттік тәуекел рейтингі және Not Prime (cr) деңгейіндегі қысқа мерзімді контрагенттік тәуекел рейтингі расталды.

Бетті дайындаған: Айгүл ӘЛІШЕРОВА

**“Біздің жан-айқаймызға құлақ асатын пенде бар ма өзі?” дейді Сабалақ саяжайының тұрғындары. Ауыз су, жол, жаңадан салынып жатқан мектеп құрылысының мүшкіл халі тұрғындардың ашуын бір сәтте бұрқ еткізді. Инфрақұрылымның нашарлығынан қалаға көшіп кетушілер көбейген. Тұрғындардың айтуынша, бүгінде 4 мыңға жуық адам тұрады.**

**Бұл саяжай Тасбөгет кентіне қарайды. Мақала жазу барысында Тасбөгет әкімдігіне үш рет бардық. Әкім Семсер Сыздықов кезекті еңбек демалысында екен. Орынбасары Жаппасбай Байқадамов: “Әкім келер апта жұмысқа қосылады, мен жауап бере алмаймын” деді. Десе де жұмысқа қосылатын уақыт өтіп барады, тиісті мамандардан хабар жоқ. Амал қайсы, енді мәселені рет-ретімен осында баяндай берейік.**

**Сабалақта бір ғана көшеде асфальт бар. Қалғаны жазда ақтүтек шаңға оранып, жауын-шашын кезінде балшық болып жатады.**

# САБАЛАҚ: БҰЛ ЖЕРДЕ МЕКТЕП САЛУ ЗАҢСЫЗ





**Айгүл Мұқанова, Сабалақ саяжайының тұрғыны:**

*– Несін жасырайық, талай рет батпаққа батып, көліктер бұзылды. Алдымызда жауын келе жатыр, қар жауады. Не істейміз? Балаларымыз оқуға батпаққа белшесінен батып барады.*

20 жылдан бері тұрғындар суды тасып ішуге, литрлеп сатып алып ішуге мәжбүр. Сатып алуға шамасы келмейтін үш-төрт үй бірігіп, құдық қазып алған. Олар амалдың жоғынан ащы су пайдаланады. “Тамыз айында барлық үй ауыз сумен қамтамасыз етіледі” деп қала басшысы тұрғындарға уәде берген. Уәделі ай ортасынан ауып барады.

**Мейрамгүл Жиенқұлова, Сабалақ саяжайының тұрғыны:**

*– Екі айдан кейін іске қосамыз деген суы жоқ. Тамыз, сосын қыс болады. Су қайда? 22 жылдан бері газ, су, жол жоқ. Осылай өмір сүріп жатырмыз. Ешкімнің бізде шаруасы жоқ. Ең болмағанда су келе ме деген үмітпен отыр едік. Оның да ауылы алыстап барады.*

Инфрақұрылымға жауаптылардың айтуынша, ауыз су жүргізудің екінші кезеңі басталған. Ол үшін республикалық бюджеттен 638 млрд теңге бөлініп, жұмыстары аяқталуға жақын қалған. Ал жол мәселесі жуық арада шешілмейтін сыңайлы.

**Ержан Қалдыбеков, Қызылорда қалалық құрылыс бөлімінің бас маманы:**

*– Жол мәселесі бойынша біздің бөлім тарапынан сметалық құжат әзірленетін болады.*

Саяжай тұрғындарын алаңдататын тағы бір мәселе – мектеп. Мұндағы оқушылар қалаға қатынап оқиды. Себебі мектеп бұрын-соңды болмаған. Сабалақта мектеп құрылысы басталғанын және оның сапасының сын көтермейтінін әлеуметтік желілерде жазудайын жазып жатыр.

**Гүлсәнім Әукенова, Сабалақ саяжайының тұрғыны:**

*– Мұндай мектептің салынуына халық наразы. Жылдар бойы армандаған мектебіміз осындай болу керек пе? Іргетасынан бастап сапа жоқ. Төбесіне жапқан плиталары құлайын деп тұр. Қайдан әкелгенін білмеймін, бір ескі-құсқыларды алып келген. Кірпіштері қиқы-жиқы. Мен “Сабалақ Қызылорда бірлестігінің” төрайымымын. Біздің құрамда он адам бар. Әкімдердің есептік жиналысынан кейін қоғамдық кеңес мүшелерімен бірге мектеп құрылысы туралы кездестік. Нысан сапасыз салынып жатыр дегенді естіп бардық. Шынында да, сапасыз салынып жатқанын әлеуметтік желілердегі видеолардан халық көріп отыр. Кезінде Сабалаққа мектеп салып береміз деп 13 адамның жерін алған.*

**Мәрия Жұманова, Сабалақ саяжайының тұрғыны:**

*– Салынып жатқан мектептің қабырғаларының қалыңдығы біздің қысқы кезеңге сәйкес келмейді. Бұл – мектеп салқын болады деген сөз. Балаларымыз үшін қауіпті. Сол үшін Қызылорда облысының басшылығынан, Президенттен салынып жатқан мектеп құрылысына назар аударуын талап етеміз!*

Облыстық құрылыс басқармасының мәлімдеуінше, бұл жер саяжай болғандықтан әлеуметтік нысан салу заңсыз.

**Мәди Әліп, Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының бөлім басшысы:**

*– Құжаттар және хабарлама заңына сәйкес әлеуметтік нысандар құрылыс нысаны басталған кезде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасына хабарлама жіберуге міндетті. Аталған құрылыс нысаны мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасына қандайда бір рұқсат немесе хабарлама түсірмеген. Оған тиісті әкімшілік қолдану шаралары бар. Сол шаралар көрілетін болады.*

«Мұнда машина жүре алмайды, мүгедектер діттеген жеріне бара алмайды. Су кіргіземіз деп жерді де қазып тастаған. Ол суы әлі келмеді. Күткеннен басқа не істейміз?! Бұрын көрген күнімізді көре береміз. Десе де Сабалақ саяжайында тұрғындар бар екенін естен шығарып жібермесе болды», – дейді тұрғындар.

“Бұл жақта халық бар” деп жүрген әкімді көрмедік. Біз осымен жиырмасыншы рет жиналып тұрмыз. Бүгінде уәдеге тойдық. Қазылған жер сол күйі қалды, жүретін жол қалмады. Балаларға обал. Журналистер қанша жазса да, одан шығып жатқан нәтиже жоқ. Баяғыда журналистің қаламсабына ілінген басшы ұшып кететін еді, сіздердің беделдеріңіздің түскенін де аңғару қиын емес”, – дейді сабалақтық ақсақал Қыдырәлі.

Тұрғындар әкімшілік мамандарымен тікелей кездескісі келеді. Әрқайсысы өз өтінішін айтса, мәселені бірден болмаса да, біртіндеп шешіп берсе дейді. Уәдеге тойдық десе де, бір шешімі болатын шығар деген үміт те жоқ емес.

**Мөлдір САБЫРЖАН**

# БАСПАНАНЫҢ САНЫ БАР ДА, САПАСЫ ЖОҚ

**“Дипломмен ауылға” мемлекеттік бағдарламасы аясында үй берілетінін жұрттың бәрі жақсы біледі. Бірақ Сыр өңірінде қанша жас бұл бағдарламаның игілігін көріп, баспаналы болды? Олардың баспанасының халі қалай? Осы сұрақтарға тікелей жауап беретін сала таппай, әуре сарсаңға түстік.**





“Бұл бағдарлама жастарды қолдау емес, қорлау болды ғой” деген шағыммен келген Талсуат ауылының тұрғыны неге өкпелі? Сапасыз үйге қалай ұрынып қалды? Сонда мемлекет адам тұруға жарайтын үйді алуға жеткілікті қаржы бөлмей ме?

Біз Талсуат ауылына бардық, баспананы өз көзімізбен көрдік. Ауыл әкімшілігіне қарама-қарсы екі қабатты үйде жарық жоқ, тұрғындар әлі күнге дейін пеш жағады. Баспалдағы да ағаштан жасалған, ішінің де сиқы мәз емес. Тұрғындардың айтуынша, осы уақытқа дейін үш рет өрт болған. Сондықтан да ипотекасын төлей алмаған. Ал банк кешіктіргені үшін есепшотын бұғаттаған. Егер ол үйде белгілі бір уақыт тұра алмаса, өрттің себебінен үйдің ақысын төлей алмаса, банк несиені уақытша тоқтатпай ма? Заң жүзінде қалай болады? “Үй апатты жағдайда болса да, несиесі төленбегені үшін апатты деп тануға болмайды” деген сөз қаншалықты заңды?! Мәселен, ол үйде тұруға мүмкін болмағандықтан, тұрғындар қаладан қатынап жұмыс істеуге мәжбүр. Сонда тұрмаған үйдің ақысын не себепті төлетіп отыр? Несие 15 жылда жабылады, сонда олар 15 жыл бойы тұрмаса да ипотекасын төлеуге міндетті ме? Бәлкім біз білмейтін басқа да жағдай бар ма? Тұрғындардың пікірін тыңдадық, көзбен көрдік. Енді “қашан үйдің астында қалып қоямыз?” деген қорқынышпен жүрген төрт бірдей отбасында не сарай жоқ, не әжетхана жоқ екен. “Бәрі боладыға” сеніп келген тұрғандар енді ашуға мінді. “Қалалық ауылшаруашылық бөлімі бұған қатысты не айтасыздар? Біздің түн ұйқымыз бөлінді, енді кімге барып, кімге жағдай айтатынымызды білмейміз” деген тұрғындарға көмектесетін кім бар? Бағдарламаның игілігін көремін деп, қиын жағдайға тап болған жандар енді не істейді?

Майгүл Төленова 2017 жылы Талсуат ауылына медбике болып келген. Содан бері тозығы жеткен үйдің кем-кетігін бітеумен әуре.

**Майгүл Төленова, Талсуат ауылының тұрғыны:**

*– Алмаймын дегенде “сіздің шотыңызға ақша түсіп қойды, үйді аласыз” деп алдыртты. Мақұл, жарайды, су, газ кіреді деді. Әлі кірген жоқ. Сарай да, әжетхана да жоқ. Қайта-қайта өрт болды. Оны жөндеуге қыруар ақшам кетті. Сосын да несиесін төлей алмадым. Мұнда қыста тұру мүмкін емес, ол кезде пәтер жағалаймын.*

Гүлфайруз Қыдырбекованың да ипотека төлеуге қаржысы жетпей, бүгінде барлық есепшоты бұғатталған.

**Гүлфайруз Қыдырбекова, Талсуат ауылының тұрғыны:**

*– Бағдарлама арқылы осы үйдің бірінші қабатынан таңдадым. Жұмыстағы таныс кісінің үйі болатын. Айтуынша, бәрі жақсы, бәрі қолайлы. “Газ да, су да кіріп тұр, әкімшілікке қарама-қарсы” деді. Шыны керек, қаланың адамы болмаған соң білмедік. Сөйтіп үй алуға келісім бердік. Үйді алсақ та, тұра алмадық. Жөндеудің өзіне қанша ақшамыз кетті. Үй 15 жылға берілген, газға да, суға да жүгірдік. Үй апатты жағдайда болған соң су мен газ кіргізуге мүмкіндік жоқ деді. Амал жоқ, қалада пәтерде тұрамыз. Бала күтіміне байланысты демалыста болғанда төлей алмағанмын. Сөйтсем шотымды бұғаттаған. 800 мың менде қазір қарызда тұр. 800 мыңды салыңыз, сосын ашамыз дейді. Сосын графикке қосамыз дейді. Неге мен 800 мыңды бірден салуым керек? Өзім пәтерде тұрамын. Су кіріп тұрмаған үйде қандай жағдай болады? Өзіңіз елестете беріңіз.*

**Ләйла Алтай, Қызылорда қалалық ауылшаруашылығы бөлімінің маманы:**

*– 459 күн кешіктіргені үшін құжаттары сотқа кеткен. 2019 жылы соттың шешімі шыққан. Қазіргі кезде сот орындаушылар палатасы өндіру жұмыстарын жүргізуде.*

Сонымен қатар тиісті сала мамандарының жазбаша жауабы қолымызға тиді. Онда былай деп көрсетілген. “Дипломмен ауылға бағдарламасы бойынша тұрғын үй сатып алған азаматшалар бюджеттік несие Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы №183 қаулысына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 72 бұйрығына және Стандартқа сәйкес толық заңдылықтарын сақтай отырып ұсынылды.

Сәйкесінше, аталған азаматшалармен сатып алынған жылжымайтын мүліктер (тұрғын үй) өз таңдаулары бойынша ұсынған бағалау актілері негізінде сатып алынған және таңдау құқығы өздерінің құзіретіне берілген. Яғни, тұрғын үйдің жағдайын біле тұра, бағалау актілерін жасатып құжаттарды өткізген.

Бұдан бөлек, М.Туленова тарапынан бағдарламаға сәйкес ұсынылған бюджеттік несиенің кешіктірілу уақыты 07.10.2019 жылға 459 күнді құрап, несиені төлемей, міндеттерін тиісінше орындамауынан және немқұрайлық танытудан Қазақстан Республикасының АК-нің 272-бабына сәйкес ұсынылған бюджет қаражатын толық өндіру жөнінде сот шешімі шыққан (заңды күшіне енген).

Сонымен қатар бағдарламаға сәйкес бюджеттік несие алған маман Г.Баймахsecurityанованың 01.07.2021 жылға несиесінің кешіктірілу уақыты 1131 күнді құрағандықтан, ҚР «Нотариат туралы» заңының 92-1-бабының, 2-тармағының 6-тармақшасы негізінде қарызын өндіру үшін атқару жазбасы жасалған.

Жалпы, А.Құнанбаев көшесіндегі №18 екі қабатты тұрғын үй 1967 жылдары салынып, «ҚызылордаГидрогеология» АҚ-ның теңгерімінде болған. Қабырғалары каркастан тұрғызылған, өжіресі жоқ, күрделі немесе ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. Қазіргі уақытта жекешелендірілген. 10.03.2021 жылы ауылдық округтегі Жергілікті қоғамдастық жиналысының күн тәртібіне аталған үйге су кіргізу мәселесі шығарылып, шешім қабылданды. Нәтижесінде ауыз су желісін жүргізу бойынша «Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалына (директоры А. Есенов) қатынас хат жолданып, мәселе оң шешімін тапты (екі рет барып кездесу өткізілді). Аталған мекемемен бірлесе отырып жұмыстар жасалып, 2021 жылғы 8-10 сәуір аралығында тұрғын үйге дейінгі ауыз су желісі тартылды, сондай-ақ пәтерішілік су жүргізу жұмыстары демеуші кәсіпкер есебінен жүргізіліп, толығымен аяқталды (3 пәтерге ауыз су жүргізілді). Ауыз су мәселесі шешілгенмен, тағы бір мәселе аталған үйдің подъездіндегі электр тоғының ескіруі. Өрт қаупі жоғары болғандықтан Тасбөгет аудандық электр торабынан арнайы мамандар шақыртылып, тұрғындарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді”, – делінген.

Тұрғындардың мәселесін жан-жақты зерттеп, қолымыздан қандай көмек келеді деп жолдарын іздестірдік. Осы орайда заңгердің кеңесіне жүгіндік.

**Дәулетбек Тұрабаев, заңгер:**

*– “Дипломмен ауылға” бағдарламасы арқылы ипотекалық үй алса, ол банкке несиесін төлеп отыруға міндетті. Ол үй сапалы болсын, сапасыз болсын. Себебі келісімшартпен танысып, қол қойды. Мәселен, мен ескі көлікті несиеге алдым. Ол бұзылып қалса да, жүрмей қалса да ақшасын төлеуге міндеттімін. Өйткені ол көлікті көріп, келісімшартқа келісіп, қол қойып тұрмын. Бұл да дәл солай. Өрт болған жағдайда, апаттық жағдай орын алғанда суреттерін түсіріп алып, өрт сөндіру қызметкерлері берген құжатпен банкке барады. 6 ай немесе 1 жылға дейін тоқтатуға мүмкіндігі бар.*

*Қандай үйге кірмес бұрын “шарт” болады. Сол кезде келісімшартқа қол қоймауы керек. Тұрғын үйдің жағдайын көргенде бас тартуға тиіс”.*

“Бүгінде біздің ұйқымыз тыныш емес, біз тіпті кімге баруды да білмейміз” деген тұрғындардың өкпесін кім тарқатады? Қорқынышпен әр таңын атырып жүрген оларға кім демеу болады? Сұрақ көп. Жауабы біреу: “о баста келісім шартқа қол қоймау керек еді”. Енді осыны жауап деп қабылдап, мәселені басы ашық күйде қалдырсақ, тапқан-таянғанын тіпті өзі тұрып жатпаған ескі үйге төлеп жатқан жастарға обал емес пе? Олардың қазір бір ғана арманы бар: «осы үйді апатты деп танып, бізге бұдан қымбат болса да жақсы үй алуға жәрдемдесетін жан болса, шіркін, несиесін қанша болса да төлеуден қашпас едік». Майгүл мен Гүлфайрузды арманына жеткізетін адам табыла қояр ма екен?!

**Мөлдір КЕНЖЕҒҰЛОВА**

ÁLEM ÁDEBIETI

# ЖОҒАЛТЫП АЛМА СЕН МЕНІ...



**Әдепкіде мұқабадағы сурет пен кітаптың аты ерекше көрінген. Әрі бұл кітаптың The Guardian нұсқасы бойынша 21 ғасырдың 100 үздік кітабы тізімінде төртінші орынға жайғасуы да оқырманды бей-жай қалдырмайтын. 2017 жылы Швед академиясы Нобель сыйлығын шығарма авторы Кадзуо Исигуроға «романдарындағы алапат сезім қуаты әлем мен адам арасындағы тылсым байланыстың тұңғиығына жол ашқандығы үшін» берілді деп жариялаған. Демек, тегі жапондық, ағылшын тілді британиялық жазушының тегін болмағаны ғой...**

Әлқисса. Оқиға шамамен жиырмасыншы ғасырдың соңында дистопиялық Ұлыбританияда Хейлшем орталығының ашылуымен басталады. Бір нәрсені ескеру қажет, шығарма кейіпкерлері кәдімгі адамдардан өзгеше. Себебі олар – мамандар медициналық құрал ретінде, оргоникалық донорларды пайдалану үшін өсіріп, тәрбиелейтін жасанды клон-балалар. Отыз бір жас шамасындағы Кэти Ш. есімді романның басты кейіпкері Хейлшимдегі беймәлім өмірді өткен жылдардағы баяу ырғақпен есіне түсіре отырып баяндайды. Бір қызығы, Кэтидің құрбысы Рут және оның жігіті Томми, тәрбиеші Мадам, Эммили, Люсидің жан дүниесін автордың барынша анық, бейтарап суреттеуі кейіпкерлердің клон адамдар екенін ұмыттырып жібереді. Сонда «Booklist» журналының: «Исигуро – адам бойындағы қатыгездік пен мейірімділік, жанкештілік пен рахаттану сезімін шебер бейнелейтін суреткер» деп баға бергені ойға оралады.

Ғылыми-фантастикалық сипаты басым шығарма үш бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлім Хейлшемдегі қатаң тәртіп пен себебі белгісіз тыйымдарды суреттейді. Тәрбиеленушілер үнемі медициналық тексеруден өтеді. Оларға сурет салуға, өлең жазуға, қолөнер бұйымдарын жасауға рұқсат берілген. Ескере кетерлік жайт, тәрбиеленушілердің таңдаулы жұмыстарын Мадам есімді әйел галереяға жинап, алып кетіп отырады. «Ол жұмыстар не үшін қажет?», «балалар неге Хейлшемде оқытылады?», «егер олар түбі донор болу үшін ғана өмір сүрсе, оларға білімнің қажеті не?». Әдетте оқырманның осындай екіұшты сауалына автор жауап беруге асықпайды. Тек сабырлы, салқынқанды қалыппен клон-адамдардың сипатын «сыбырлай» отырып әңгімелей береді. Бірақ дәл осы бөлімде елеусіз ғана көрінетін келесідей оқиғалар оқырман ойын еріксіз алға итермелейтіндей көрінеді.

Кэти жатын бөлмесінде Джуди Бриджуотердың «Жоғалтып алма сен мені» әнін ерекше әсермен тыңдап жүреді. Ән мәтінінде ұзақ уақыт бала сүйе алмай жүрген ана ақыры нәрестелі болады. Кэти осы әуенге елітіп, қолындағы жастықты кеудесіне кішкентай нәресте құшақтап тұрғандай қысып, көзін жұма: «О, балақан, балақан, жоғалтып алма сен мені...» деп таспа әнін қайталап, ырғала билеп жүреді. Автор клон-адамның ешуақытта ана атана алмайтынын осы оқиғамен ұқтырғысы келген сыңайлы. Осы сәтке куә болған Мадамның Кэтиды сыртынан үнсіз бақылап, жылап тұруының сыры роман соңында бір-ақ ашылады.

Сондай-ақ Питер Дж. есімді тәрбиеленушіге Люси бикештің жасаған ескертпесі де романды түсінуге көмектесе түседі. «Егер біз лайықты, жақсы өмір сүргіміз келсе, онда мына жайтты есте сақтауымыз керек: сендердің ешқайсысың да Америкаға бармайсыңдар, ешқайсысың супермаркетте де жұмыс істемейсіңдер – таяуда кейбіреулеріңнің осындай жоспарың барын да естіп қалдым. Өмірлеріңнің қалай жалғасатыны әзірге беймәлім. Дегенмен бір нәрсені біліңдер, сендер өмірге донор болуға келгенсіңдер. Өмірлік мақсаттарың да осы. Бұл – сендердің тағдырларың. Ешқашан басқалар сияқты бола алмайсыңдар. Өйткені сендердің болмыстарың өзгеше». Бұл ескертпенің салмағы ауыр болғанмен, тәрбиеленушілердің жағдайды қалыпты деп қабылдауы оқырманды да сабасына түсіреді.

Романның екінші бөлімі де бірсарынды баяндалады, бірақ алғашқыға қарағанда автордың айтпақ ойы айқындала түскендей әсер береді. Тәрбиеленушілердің Хейлшемнен кетіп, еркіндік алуы олардың сыртқы әлемдегі орнын айқындайтын тәрізді. Олардың «ықтимал түпнұсқаны», яғни өздерінің түпбейнесін іздеуі де осы жерде орын алады. Әлсіз үмітке құрылған әрекет нәтижесіз болса да, автор барлық дүниенің түпбастауына тартып тұратынын көрсеткісі келгендей болады.

Кітаптың үшінші бөлімі донор өмірінің атмосферасын сездіре түседі. Рут пен Томмидің донорлыққа алынуы, Кэтидің донорларға көмекші болуы кітап оқып отырғаныңды ұмыттырып, әлдебір шетелдік киноның ең қызықты картинасын көз алдыңа әкелгендей әсер береді. Бірнеше рет донор болған соң Руттың өмірі аяқталады. Оларды медицина мамандары «өлді» демейді, тек өмірлері «аяқталды» деп жазады. Руттың соңғы сөзінде өз қателігін мойындауы Томми мен Кэтидің қосылуына, олардың донорлық өмірден құтылуы үшін Мадамды тауып алуына ықпал етеді. Оқырман о баста тағатсыздана күткен сәт те осы.

Сонымен Кэти мен Томми өздеріне рұрсат алу үшін Мари-Клод пен Эмили бикешке келіп, бұрынғы қамқоршыларымен ұзақ әңгімелеседі. Эмили бикеш олардың: «Хейлшем не үшін керек болды, біздің туындыларымызды не үшін жинадыңыздар?» деген сауалына: «Ең бастысы, біз әлемге егер тәрбиеленушілер (клондар) адамгершілігі мол, өркениетті жағдайда өссе, кез келген адам сияқты саналы, салауатты болатынын көрсеттік» дегенді айтады.

Ал өздері жинаған коллекция туралы: «Олардың ішінен тәуірін іріктеп, арнаулы көрме ұйымдастырғанбыз. Жетпісінші жылдардың соңында ықпалымыз шырқау шегіне шығып тұрғанда, бүкіл ел бойынша ауқымды шаралар өткіздік. Оған министрлер, эпископтар, белгілі тұлғалар келді. Жалынды сөздер сөйлеп, мол ақша құйылды. «Міне көрдіңіздер ме!? Мына өнер туындыларына қараңыздаршы, оның авторларын адам емес деуге қалай дәттеріңіз барады?» дедік біз. Иә, ол кезде бізге қолдау болды. Аяғымыздан нық тұрдық» деп бір сырды ашқандай болады.



*“Жоғалтып алма сен мені” кітабының мұқабасында “Never Let Me Go” фильмінің кадры пайдаланылған*

> « *«Жарты ғасырдан бергі оқыған кітаптарымның ішінде, менің ең жақсы көретін шығармам – Кадзуоның «Жоғалтып алма сен мені» романы»*
>
> **Харуки Мураками**

Эмили бикештің Кэти мен Томмиға айтқан ұзақ әңгімесіндегі мына бір үзінді кітаптың соңғы бетіне тағы басылған. Бұл роман тақырыбын оқырманның тереңірек түсінуіне жол ашқан тағы бір маңызды жол сияқты: «Сендердің тағдырларың үшін ар алдында ұятты болса да, адамдар балаларының, жұбайларының, ата-аналары мен достарының қатерлі ісіктен, нейрондардың сырқатынан, жүрек ауруларынан өлмеуін ғана ойластырды. Сондықтан сендерді барынша аулақта жасырып ұстауға тырысты. Олар сендерді ойдан шығарудың барлық мүмкіндіктерін жасады. Ал жағдайларыңды ойластырған күннің өзінде, «біз сияқты емес» деп ойлауға бейім тұрды. Кәдімгі адам болмағандықтарыңнан, сендердің тағдырларың да маңызсыз еді. Әлем жаңа донорлар, жаңа ағза мүшелерін талап етіп жатты. Ал осы жағдайлар сақталса, сендерді толыққанды адам есебінде көруге кедергі келтіретін құбылыстар жойылмайды. Біз бұл шайқасты ұзақ жүргіздік...».

Хейлшем мектебі Морнингдейлдің даулы ісінен кейін біржола жабылады. Шотландияның қиыр бір шетінде зерттеу жүргізген ғалым Джеймс Морнингдейл өзінің зерттеу нәтижесінде өмір сүруге қабілетті жасанды ұрпақ өсіріп шығарады. Алайда заң шекарасынан шығып кеткен зерттеу Хейлшемдегі жасанды балалардың керексіз күйде қалуына әкеледі. Өйткені жасанды балалар қоғам үшін қауіпті саналды. Онда қалған басқа тәрбиеленушілер адами қабілеттері бола тұра, тек донор есебінде қараусыз қалады. Руттың өмірі аяқталғанын жоғарыда айттық. Ал Кэти мен Томми өз өмірлері үшін күрессе де, олардың да алдынан донорлық жол ғана күтіп тұрды. Томми төртінші реткі донорлық операциядан кейін өз өмірін аяқтайды. Ендігі кезек Кэтиде екені даусыз еді...

Романның соңғы тынысы әңгіме ауаны жасанды адамдар жайлы немесе махаббат туралы хикая емесін анық ұқтырады. Бар ақиқаты, қалтарысы беймәлім әлемді тануға, дүниенің шынайы мәнін білуге деген ұмтылыс, адамзаттың келешек жайлы болжамын бейнелейтін шығарма. Өйткені Кадзуо адам баласы қандай азап пен қиындықты бастан өткерсе де, еркіндігі мен құқығы шектелсе де, тағдырға мойынұсына тұра, үміттің ұшқынын іздеумен болады дегенді айтады. Сөз соңында айта кетейік, осыған дейін сегіз роман жазған автордың осы шығармасы 2010 жылы Марк Романеканың режиссерлігімен экранға шыққан. Биыл кітап аудармашы Өмірзақ Мұқайдың қазақ тілінде тәржімалауымен «Жоғалтып алма сен мені» деген атпен жарық көрді.

> « *«Джейн Остин мен Франц Кафканың қоспасы сияқты. Бірақ сол қоспаға Марсель Прусты сәл ғана қосып, араластыру керек. Сонда Кадзуо Исигуроның шығармалары шығады»*
>
> **Сара Даниус**

**Еңлік ЕРТАЙҚЫЗЫ**

AÝYL ÁŃGIMELERI

# ҚАЙТЫП КЕЛГЕН КӨЙЛЕК



Сағат қанша екені белгісіз. Әйтеуір үйдегі қызыл қораз қақылдағалы біраз болған. Кей-кейде түнгі үште шақыратыны бар оның да. Мұндайда жеңгейдің ұйқысырай бір жағына аунап, «басын шабатын бәле екен өзін» деп кіжіней сөйлейтіні келесі бөлмедегі маған да естіледі. Оған мән беру жоқ, басыңды жастық астына тыға, ұйқыны әрі қарай жалғастырасың.

Елге демалысқа келген соң ба, ағам да, жеңгем де мені оятуды өздеріне міндет санаған емес. Бірақ ауыл ішіндегі шақырыспаға барар болса, ескертуді жөн көреді.

Сондай бір күн еді. Ләзкө жеңгей үстіне барын ілген. Кеше әрірек тұратын рулас ағамдікіне баратынын айтқан. Соған жиналған беті ғой. Кетерінде төргі бөлмеде тырайып жатқан мені оятуды ұмытпады.

– Үйде боласың ба, Ежөк?

– Ыы. Терезесі газетпен тұмшаланған бөлмеден ұялымды сипалай іздеген күйі еріне жауап бердім. Түнімен кино қараған «сөткінің» өзінен бұрын, ешкінің ащы ішегінше шұбатылған құлаққабы қолға бірінші тиді.

– Иәә, тұрсаң ана холодильникте айран бар, ашыған бар. Тамақ жегің келсе жылытып же. Кешегі ет тұр. Қарбыз же шөлдесең.

– Жақсы. Қайда кеттің деп сұрамасам да өзі айтатынын жақсы білем.

– Біз Ұрымхан апамдікіне кетіп барамыз. Ағаң да сонда. Қаладағы үлкен қайнаға балдарын осында піштірген ғой. Құдайы жолы бермекші.

– Тұрсам өзім бірдеңе етермін.

Солар келгенше ештеңе жемейтінімді білсем де, көңіл жықпастықпен айта салғанмын.

– Ал, мен кеттім, – деді Ләзкө жеңгей қолтығына әлденені қыстырған күйі. Дәл осы жерде жеңгеңнің қолтығындағы не болды екен деген сұрақ туатыны заңдылық. Айтайын. Онысы екі метрлік көйлектік тауар. Жалпы бұл ауылдағы жеңгейлер барар жеріне құр қол баруды өте ұят санайды. Шақырған жерге міндетті түрде осындай түрлі матаны метрлеп тасып жүретінін көресің.

«Ютубтың» ішінен толып жатқан киноларды сапырылыстырып отырғанымда Ләзкө жеңгей де қайтып келді. Бұл кезде түс ауып кеткен. Жаныма жалп етіп отырғанда байқадым, үстінен еттің иісі шығады. Кәдімгі қазанға асылған ет.

– Тамақ астың ба бара сала? – дедім мен күліп.

– Иә да. Абысындар төрге отырғызбас. Келін болған соң қазан қайнатпағанда не істейсің?!

Осылай деді де, қолындағы пакетті былай қойды. Ал екінші пакеттегісі сарқыт.

– Мынадан ауыз ти, Ежөк. Шай қойып жіберейін. Қаным кеуіп барады, құрсын...

Шай ішіп отырып, бірінші пакетті ашқан. Біздің ауылдың өзінің салты ма, әлде басқа жерде де сондай ма, маған белгісіз. Белгілісі, манағы қолтығыны қыстырған матаның орнына той не құдажолының иесі де осындай бірдеңе беріп қайтарады. Дәл сондай мата. Бірақ басқа түрі. Онсыз болмайды. Салты сол шығар, мен оны қайдан білем?! Ес білгелі апам да, шешем де, жеңгем де осылай пакет тасып жүргенін ғана көремін.

Ләзкө жеңгей соны қарап отыр. Пакет ішіне қолын тығып алғандағысы каропкадағы көйлек болып шықты. Кәдімгі арзанқолдау ер адам киер, Қытайдың өнімі. Бірақ сыртқы қорабы әдемі еді.

– Мана мұғалім келін алым-берімді өзі реттеп жүр еді. Біздің үйдегі қайнағасына көйлек салайыншы деген шығар, – деді қорапты көріп мәз болған Ләзкө.

– Осындайды қатты елейсіңдер, иәә, – дедім мен сөйлеткім келіп жеңгемді.

– Елемей ше, көңіл ғой, – деді Ләзкө де қораптағы көйлекті әрі-бері аударыстырып отырып. Сәлден соң көзі дөңгеленген күйі «тұра тұршы» дегені.

– Өлә, Ежөк, – деді сосын ішегін тартқан күйі маған қарап. – Мынау біздің үйден шыққан көйлек ал. Мына бұрышындағы скотчталған жерін қарашы. Өзім жапсырып едім.

– Ой, мұндай көйлек көп емес пе?!

– Ибай, рас айтам, менің сандығымнан шыққан «мөжски» көйлек қой. Өткен айда арғы беттегі Света абысынның қай қызы еді, абысында қыз көп екен-ау, әә, – деп сәл ойланды да, сөзін жалғай берді. – Білмеймін, бір қызы сәлем беріп келгенде осы көйлекті апарғанмын ғой. Арасына ай салып, енді өзіме қайтып келіпті.

– Енді бұны не істемекшісің?

Бұл сұрағыма жеңгей астыңғы ернін тістей сәл ойланып алды. Сосын көйлекті пакетке қайта салды. Салып жатып айтқаны мынау.

– Ұрқыны құрсын, «бәлінсә» жақтағы абысындардың бірі той жасай қалса, соларға қарай жіберемін. Сүй деді де, әлдеқашан суып қалған кеседегі шайын ұрттай берген.

Солай. Сандыққа қыдырымпаз көйлек қайта салынды. Әлі оның қанша үйдің тойына кіріп-шығатыны белгісіз.

# САУЫНШЫНЫ ЖЫЛАТҚАН СИЫР

*(Қаз-қалпында)*



Ілгеріде өткен оқиға бұл. Адамның көңілі кең уақытта болған жайт еді. Мейірім құны жойылмаған кездегі хикаяттан дәм татыңыз ендеше...

Біздің ауыл бұрын Карл Маркс атындағы совхоз аталды. Күріш те егетін, мал да бағатын. Қаба сақал көсем атын иемденгенмен нағыз қазақы ауыл болды. Адамы бейнеткеш, жері құнарлы өлке. Кейіннен сақалды көсемнің күні тайды да, Бекарыстан би ауылы атандық. Тәуелсіздіктің арқасы еді бұның бәрі.

Бұрынғының сүйегінің бәрі асыл. Бүгінгімен салыстырсақ солай. Қазіргінің бәрі тас емендей қатты. Жүрегі жылымайды. Жаны ашып жүргені аз. Осылай да осылай. Иә, мұндай жорға сөзбен сіздің басыңызды ауыртып қайтеміз, әңгімені баяндалық.

Король – фермадағы ең сүтті сиыр еді. Сонысымен ғой «король» атанғаны. Желіні бұлақ дерсің. Маржан апа сауса, тіпті шелегі меймілдеп толып келеді. Неге екені белгісіз, Маржан апа мен Король арасында өзара түсінетіндей тым жақындық бар. Аса ыстық. Апа қасына бара сала оны еркелетеді, сауырынан сипайды. Анау да соған бейіл. Құлағын қағып-қағып, көзі мөлие мөңірейді. Ықыласы бөлек бір-біріне. Фермаға алғаш келгелі бұл сиыр тек Маржан апаның шелегін лық толтырушы еді.

Маржан апаның еңбекқорлығы тым бөлек. Ауылдың «шәйла» деген бөлігінде фермада сауыншы. Озаттар қатарында. Соның арқасында шығар, талай жиналысқа делегат атанып, құрметке ие болғаны. Ана жылдары бірінші басшы Қонаевтың өзімен де дидарласқаны бар. Қонаев та еңбек адамын қалай қадірлеуді біледі ғой.

Содан бері бірнеше жыл өткен. Ауылға кіре беріс жердің оң қапталын ала малшылар үйі түсті. Ферма да жаңартылды. Сауыншы мен малшы ағайынның айы оңынан туғаны бар. Тауарлы-сүт фермасын Кітабия Құрманбаев басқаратын. Таң азанмен Маржан апа бастаған қыз-келіншектер осында ағылады. Дәмегүл, Зина, Ұлман, Зейнеп, Ұлбике, Жақсыбике, Қанзира, Талмагүл, Гүлдерай, Рабиға, Әліп, Дәмегүл, Қансұлу сияқты сауыншылардың шелектері ертемен салдырлай дыбыс шығарады. Сауыншылардан соң сиыршылар мүйіздінің бәрін өріске айдайды. Данағұл, Шамаран, Айжігіт, Айдулла, Қалмаш, Орынбасар, Ақберген, Бөкенбай сынды ағалар осы жұмыстың басы-қасында.

Осындай қым-қуыт, тынбайтын, толассыз шаруа барысында адам жанын тітіркенткен жайт болған. Иә, кейінгі жылы Король қартайып еді. Сүті де қашыңқыраған. Бірақ әлі де шелекті толтыруға қауқары бар. Маржан апа ғана сауса солай.

Әдетте, қартайған сиырдың көбі етке өткізіледі. Үкімет тапсырмасы бұл. Соған сәйкес Королдің де бұл кезде күтімі күшейген. Жем-шөбі мен суы үзбей беріліп, қоңы да қалпына келе бастады.

«Мына “Королды” етке өткізетін уақыт болды. Байқаңдар, Маржан апа көрмесін. Сойғызбасы анық, әйтпесе». Завферма Кітабияның шешімі бұл. Бәрі үнсіз келіскен. Олай қылмасқа амал жоқ, Маржан мен сиыр Каролдың бір-біріне ықыласын мұндағылар әбден білетін.

Бәлкім түн, бәлкім түс, онысын кім білген, бірақ сүтті сиыр Король сойысқа жығылды. Екі-үш жігіт нұсқау бойынша бір сағат ішінде бұтарлап үлгерген. Тұздалған теріні жайып тастады.

Ертеңіне болды қызықтың бәрі. Қыз-келіншектер Королдың орнында жоғын байқаған. Маржан апа көрсе, не болмақ?! Бәрі іштей білсе де, озат сауыншыға айтуға батылы бармады. Бұл кезде жаулығы ағараңдап Маржан апа да көріне берген.

Енді қызық емес, шыжық басталды. Сиырдың орнында жоғын байқаған Маржан апа состиып сәл тұрған. Өңі құп-қу. Завферма Кітабияның бетіне жалтақтап қарай береді.

– Король қайда?!

– Сойыстыққа кетті. Етке өткізетінімізді білесіз.

– Құдой-ооуууу! Қолындағы шелек даңғырлай жерге түсіп, әудем жерде аунап жатты.

Талай жыл сауған сүтті сиырына адамша бауыр басқан Маржан апа дауыс сала жылады. «Ақұдайым-ау, ақ Каролім-ау, кеткенің бе шынымен...» Кәдімгі жоқтаудың мақамына салып сыңсиды Маржан апа.

Қасындағы қыз-келіншектер үнсіз егіледі. Мал жайын ұғып өскен ауыл азаматтары бұл көрініске шыдамай теріс айналып та жатты...

***P.S.** Еңбегімен еленген Маржандай анамыз өз кәсібіне осылай шын берілген деседі. Соның өтеуіндей болып біздің елде Маржан Ізмағанбетова атында көше де бар.*

***«Ата кәсіпке деген сүйіспеншілігі бар, төрт түлікке деген құрметті білер ұрпақ бүгінде бар ма екен» деген сұрақтан басқа пікірлеріңіз болса, редакцияға хат жазарсыз.***

**Ержан ҚОЖАС**

**Құрылыс – адамзат баласымен бірге келе жатқан жасампаз кәсіп. Бүгінде аймақта құрылыс саласы қарқынды дамып, ел экономикасының, оның ішінде тұрғындардың әлеуметтік жағдайының артуына айрықша ықпал етіп келеді. Ауқымды саланы алға жылжытуда құрылысшылардың еңбегі ерен. Мыңдаған тұрғын үй мен қызмет көрсету ғимараттарында, мектептер мен балабақша, ауруханалар мен емханаларда, ғажайып кешендер мен көкпен таласқан көрікті үйлердің көптеп салынуына қыстың суығы мен жаздың аптап ыстығында да тер төгіп еңбек етіп келеді. Әлемді жаулаған пандемия індетіне қарамастан құрылыс саласы өз жұмысын тоқтатпай, ел игілігін еселеуде.**



# ҚҰРЫЛЫСШЫНЫҢ ЖАЙЫН КІМ ТҮСІНЕР?

Қаланың сол жағалауынан 2022-2023 жылдары мемлекеттік бағдарлама аясында 9 және 12 қабатты үйлер салынады. «Биыл облыста «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2158 пәтерді құрайтын 105 тұрғын үйдің құрылысы жүргізіледі. Ал жыл аяғына дейін 1608 пәтерді құрайтын 94 тұрғын үй пайдалануға беріледі деп күтілуде. «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы



Арнұр НҰРМАҒАНБЕТОВ

аясында биыл 695 пәтерді құрайтын 49 жалдамалы тұрғын үй пайдалануға беріледі. Оның ішінде 232 пәтер халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына табысталса, 463 пәтер аз қамтылған көп балалы отбасына беріледі. Сонымен қатар ҚР Ұлттық қор есебінен бөлінген 2.8 млрд теңгеге аз қамтылған көп балалы отбасылар үшін 342 жалға берілетін пәтер сатып алынады», − деді облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов.

Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесінде Сыр елінде үлгі етерлік іргелі істер баршылық. Баспаналы болу – адам өміріндегі ең маңызды әрі қуанышты сәттердің бірі. Соңғы жылдары осындай бақытқа бөленген қызылордалықтар аз емес. Облыс орталығында тұрғын үй құрылысының ерекше қарқын алуы толайым табыстың бірі. Басты жаңалық − үстіміздегі жылы аймақта тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтар кредиттік үймен қамтамасыз етіледі. Ол үшін 665 пәтерлі 38 тұрғын үй пайдалануға беріледі. Қызылорда қаласы, СПМК-70 тұрғын ауданында 640 пәтерлі 13 үй, Шиелі ауданы, Шиелі кентінде 25 үй, жеке құрылыс салушылар есебінен 248 пәтерлі 7 көпқабатты тұрғын үй пайдалануға беріледі. Мұнан бөлек аймақта әлеуметтік нысандардың құрылысы да қарқынды жүруде. 11 білім ошағы, 5 денсаулық сақтау мекемесі, 4 денешынықтыру орталығы, 7 мәдениет нысаны, 3 құқық қорғау мекемесі, 3 инженерлік-инфрақұрылымдық жүйе салынуда. Бұл әлеуметтік нысандар толық пайдалануға берілсе, әлеуметтің әлеуеті арта түсері анық.



Асылхан РАШЕВ

Аймақта әлеуметтік нысандардың құрылысын жүргізіп жатқан компанияның бірі − «SKS Инжиниринг» серіктестігі. Бүгінде 200-ге жуық құрылысшы еңбек ететін мекемені екі жылдан бері Асылхан Рашев басқарып келеді. Құрылыс компаниясы бүгінде Арал қаласында 100 орынды интернат, 200 орынды №71 орта мектеп құрылысын жүргізуде. Қазалы ауданы, Әйтеке би кентіндегі Б.Мергенбаев атындағы №226 мектеп-гимназиясына қосымша спорт зал құрылысын, кенттегі ауысымына 250 келушіге арналған емхана құрылысы, Жаңақорған ауданы, Бірлік елді мекеніндегі 90 орынды балабақша құрылысы аталмыш серіктестікке сеніп тапсырылған. Мұнан бөлек, Қызылорда қаласы, Махамбет елді мекеніндегі Б.Жөнбаев көшесінде орналасқан №268 орта мектебіне 200 орынды қосымша ғимарат салуды жауапкершілігіне алған.

«Ұл балаларды құрылысшы мамандығына көптеп тәрбиелеу керек. Бұрын бала күнімізде үлкен үйлердің суретін салып, өскенде құрылысшы боламын деп армандайтынбыз. Бүгінгі бала betman, super boy боламын дейді. Балаларды кішкентай күнінен еңбекке баулып үйретуіміз қажет. Өндірістік тәжірибеден өтуге келсе, жастарды қолдар едім. Қазір құрылысшы мамандығын оқығанымен сол салада еңбек етуге ынтасы жоқ жастар бар. Еніп кетсе, қызығы да бар үлкен сала. Бастысы, құрылысшы жауапкершілікті сезінуі керек» − дейді «SKS Инжиниринг» серіктестігінің директоры Асылхан Рашев.

Облыста «Болашақ Девелопмент» серіктестігі бірнеше жылдан бері жұмыс істеп жүр. Биыл аталмыш құрылыс компаниясы Қызылорда қаласы, Ақжарма ауылында әлеуметтік-медициналық оңалту



Мұқан ӨМІРЗАҚ

бөлімшесінің, Гидроузел көшесінде Байдарка және каноэ есу базасын, Жезқазған трассасы бойындағы 600 орынды мектеп құрылысын, Жаңақорған ауданы, Шалқия кентінде 150 орынға арналған ауыл клубын салып жатыр. Бұл әлеуметтік нысандарға мемлекеттік бағдарламалардан қаржы бөлінген. Мақсатты жұмсап, уақытылы тапсыруға күш салудамыз дейді мекеме басшысы. «Облыстық құрылыс басқармасымен бірлесіп жұмыс істеп жатырмыз. 2018-2019 жылы жасалған сметалардағы бағаларды өзгертіп жатырмыз. Себебі қазір құрылыс материалдарының бағасы күн сайын өсуде. Бәрін шет елдерден әкелетіндіктен өте қымбат. Сондықтан мемлекеттен бөлінген қаржы мақсатты жұмсалуы кезінде құрылысшылар шығынға батпауы қажет. Қазір компанияға құрылысшы мамандығын бітірген жастар көптеп келуде. Жастың аты жас, белсенді жұмыс істейді. Қызығушылығы бар талапты жастарды қолдап отырамыз», − дейді «Болашақ Девелопмент» серіктестігінің бас директоры Мұқан Өмірзақ.



Нысанбай ҚҰРМАНҒАЗИЕВ

− Қазір облыста тұрғын-үй құрылысы қарқынды дамып келеді. Сол жағалаудан қаз-қатар салынған тұрғын үйлер, көздің жауын алады. Бұл біздің облыс әкімдігінің құрылыс саласына көзқарасының бөлек екенін білдіреді, − дейді Қазақстанның құрметті құрылысшысы, құрылыс саласынынң ардагері Нысанбай Құрманғазиев.

«Пандемия уақыты құрылысқа да әсерін тигізіп отыр. Ардагер екенбіз деп үйде жатпай, нысандарды аралап, құрылыстың сапасымен танысып, жастарға тәжірибемізді айтып бөлісер едік. Ардагер ретінде бізді ұмытпай іздеп жатса, қуанып қаламыз. Құрылыс материалдарының қымбаттауы, мамандар тапшылығы секілді мәселелер салада әлі де бар. Құрылысшылар арзан әрі сапасыз құрылыс материалдарын пайдаланбауы керек. Сол үшін нысандардың сметалық бағасын қайта қарағаны жөн. Қазір колледждерде кәсіби құрылысшы мамандарын дайындау әлі де жеткіліксіз. Сол студенттердің сапалы білім алып, салаға шынымен қосылуын қадағалау керек. Қыруар қаржы бөліп оқытқан соң, мамандар тапшылығын сезінбеуіміз қажет. Облысымызда тұрғын-үйдің көптеп салынуы қуантады. Қаншама отбасы баспаналы болады. Жаңа тұрғын үй ауданы бой көтерсе, барлық жауапкершілік құрылысшыларға жүктеледі. Жоба дұрыс болуы керек. Көше салса, тротуар салмай, шатыр салса, су ағар салмай кетуге болмайды. Қоныстанған соң тұрғындардан шағым естімеу үшін құрылыс мекемелері жанын салу керек ісіне. «Еңбектің наны тәтті» деген, сонда ғана істері алға басады», − дейді барша Сыр құрылысшыларын төл мерекесімен құттықтаған сала ардагері.

«Құрылыс саласында жұмысшы мамандар тапшы», – дейді Қызылорда облысы құрылысшылар ассоциациасының төрағасы Манарбек Еспенбетов. «Ұйымға 30-ға жуық құрылысшы мүше. Барлығы да осы салада тәжірибесі мол құрылысшылар. Қазір жұмыс азайды, құрылысшылар саны да. Құрылыс жұмыстары көбейсе, жұмыс қолын таппай қалуымыз мүмкін. Қазақтың құрылыстан хабары бар жігіттері жалдамалы жұмысқа кетіп қалған. Сырттан келген жұмыс қолын да қазір пайдалана алмай отырмыз. Электрик, сантехник, механизатор мамандары жетіспейді. Мысалы, бүгінде біз Қармақшыда лагерь құрылысын жүргізіп жатырмыз. Нысанға жұмысшылар жетіспейді. Қармақшыдағы



Манарбек ЕСПЕНБЕТОВ

көзге көрінетін 23 орынға хабарландыру ілдік. Екі ай дегенде тек үш адам ғана әртүрлі жұмыстар атқаруға келді. Сыр құрылысшыларына арналған жаңалықтармен дер кезінде хабардар болып, мәселелерін көтеріп, тиісті органдарға хат жазып, оң шешімін табуына атсалысамыз. Жылдан жылға құрылысшылардың жағдайы құлдырап келе жатыр. Халықты жұмыспен қамтып отырған құрылыс мекемелері, құрылыс заттарын да сатып алатын құрылыс компаниялары 80 пайыз құрылысшылар бонкрот болудың алдында тұр. Құрылыс материалдарының бағасы күрт көтерілді. Салынған нысанға бөлінген қаржы толық құрылыс материалын алуға кетеді. Тіпті жетпейді деп толық айта аламын. Мемлекеттік органдар сметада көрсетілген құрылыс заттарының бағасы мен нарықтағы баға сәйкес келмейді. Құрылыс материалдарының өзімізде өндірілмей, сырттан келуі де әсер етіп отыр. Сондықтан серіктестіктердің техникаларын жаңалауға басқа да мәселелерін шешуге мүмкіндігі қалмайды. Бұл саясатты бір жүйеге келтірмесе, Қызылордадағы құрылыс мекемелерінің 80 пайызы бонкротқа ұшырайды», − деп алаңдаушылық білдірді Қызылорда облысы құрылысшылар ассоциациасының төрағасы Манарбек Еспенбетов.



Шадияр АЙДАРБЕКҰЛЫ

Аймақтың құрылыс саласындағы ауқымды жұмыстарды алға жылжытып, сапасының артуына құрылыс саласы ардагерлерінің өмірлік тәжірибелері де зор үлес қосуда. «ҚАЗқұрылыс сервис» серіктестігі аймағымызда 2006 жылдан бастап жемісті еңбек етіп келеді. Сыр елінің құрылыс саласын дамытуға өзіндік үлесін қосқан құрылысшы марқұм Айдарбек Сейтмұратовтың бүгінде ізін ұлдары жалғастыруда. «Атадан ұл туса игі, атаның жолын қуса игі» демекші, ұлы Шадияр Ештай әке жолын қуып, Еуразия Ұлттық университетінің сәулет-құрылыс факультетін бітірген. Содан бері әкесінің қасында еңбекке араласып мол тәжірибе жинаған жас құрылысшы бүгінде үлкен серіктестік шаруасын ағасы Шынболатпен бірге ширатып отыр. Серіктестікте бүгінде 80-ге жуық адам тұрақты жұмыспен қамтылған. «Мен 2018 жылдан бері осы серіктестікте еңбек етіп жүрмін. Ағам Шынболат серіктестіктің бас директоры болып қызмет етеді. Мен келгелі 40 пәтерлі екі тұрғын үй салдық. Қосшыңырау ауылдық округіндегі Досан елді-мекенінде ауыз су жинау қоймасының құрылысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кентінде №30 орта мектептің, облыстық медициналық орталығына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуде. Қазіргі таңда Әйтеке би кентінде 600 орынды мәдениет үйінің құрылысын аяқтадық. Жаңақорған кенті, Майбекет ауданында 300 орынды мектеп құрылысы, кенттегі тұрғын үйлерге су құбырын жеткізу сервистік желісін салудамыз. Байқоңыр қаласында 50 пәтерлік екі тұрғын үй құрылысы жүріп жатыр. Бала күнімнен құрылыс саласының мамандары сұранысқа ие екенін түсініп өстім. Әкемнің қасынан бір елі қалмай, құрылыс нысандарына еріп баратынмын. Әкем өзінің 24 жылдық тәжірбиесінде біздерді «құрылыс мамандығын таңдау – үлкен жауапкершілік. Кішкентай қате үлкен қайғылы оқиғаға әкелуі мүмкін. Сондықтан әрбір есеп-қисапқа мұқият болу қажет» деп жиі айтатын. Салаға келгелі еңбек пен жауапкершіліктің жүгі қаншалықты ауыр екенін сезіндім. Әкем салған сара жолды біз де жалғастырсақ дейміз», − дейді Шадияр Айдарбекұлы.

Құрылыс − экономиканы қозғаушы күш. Құрылысы қарқынды жүрген мемлекеттің экономикасы дамып, қалалары сәулетімен сұлуланады. Тұрғындары баспаналы болып, бақыты еселенеді. Аймақтағы құрылыстарды қолдап, қаржы бөлінетін мемлекеттік бағдарламалардың да көздеген мақсаты осы − халықтың жағдайын жасау. Бұл мақсатқа жетуде құрылысшылардың еңбегі зор.

**P.S.** *Құрылыс тауарларының қымбатшылығы саланың дамуына едәуір әсер етіп отыр. Назын нарыққа айта алмаған құрылысшылар біліктің ұсынар бағасын бағамдап жүр. «Арзанның сорпасы татымайды» демекші, сапасыз материалдардан салынған нысан көп кешікпей сыр берері тағы бар. Құрылыс мамандарының жетіспеуі де өзекті мәселе. Құрылыс алаңына бүгін жұмысшы болып келген жас ертең тәжірибесі толысқан нысан шебері емес пе?! Бастысы, жастар осы салада жұмыс істеуден именіп қалмаса екен.*

**Гүлбану МАҚАЖАН**



# ОЛИМПИАДА: ҚАЗАҚ СПОРТЫНЫҢ АУТСАЙДЕРГЕ АЙНАЛУЫНА НЕ СЕБЕП?

**5 жыл күткен Токиодағы төртжылдық аламан да аяқталды. Ел спортшылары бұрын соңды болмаған нәтиже көрсетті. Қазақстандық саңлақтар тұңғыш рет Олимпиадада алтынсыз һәм күміссіз қалды. 97 спортшының тек 8-і қоланы қанағат тұтып, командалық есепте 83-орыннан бір-ақ көріндік. Ел намысын қорғаған спортшылардың сүреңсіз өнеріне көпшіктің көңілі күпті. Жалпы әлемдік аренадағы көрсеткіш жыл өткен сайын төмендей түсуде. Қаржылық жағдайы қомақты қазақ спортының аутсайдерге айналғанына не себеп? Тақырыпты тарқатып көрсек.**



Қасым-Жомарт КЕМЕЛҰЛЫ

Жазғы Олимпиада ойындары аяқталысымен Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстан құрамасының бәсі биік бәсекедегі нәтижесіне баға беріп, бүкпесіз ойын жеткізді.

– Токиода өткен Олимпиада ойындарына Қазақстаннан 97 спортшы қатысты. Жеңіске жету жолында бар күш-жігері мен шеберлігін көрсеткен атлеттерге алғысымды білдіремін. Олимпиаданың қола жүлдегерлерін құттықтаймын. Бұл – ұзақ уақыт бойы жүргізген табанды жаттығулардың жақсы нәтижесі. Ұлттық құраманың Олимпиададағы көрсеткіші спорт секілді аса маңызды салада шұғыл әрі тиімді реформалар жүргізу қажет екенін көрсетті. Бұқаралық және балалар спортын дамытуға көңіл бөліп, сол арқылы әлемдік аренада үлкен табыстарға қол жеткізуге ұмтылу қажет. Алайда 8 қола медаль алып, жалпы командалық есепте 83-ші орынға табан тіреген Ұлттық құраманың бұл көрсеткіші Қазақстанның спорттағы әлеуетіне және мемлекет тарапынан спортты дамытуға бөлініп отырған мол қаражатқа сәйкес келмейді. Токио Олимпиадасынан сабақ алып, Парижде өтетін келесі ойындарда халық үмітін ақтайтындай нәтижеге қол жеткізу керек.



Асылжан ЖАМАНҚҰЛ

Спорт саласында біраз жылдар еңбек еткен Асылжан Жаманқұл ел спортының дамуы үшін жаңа реформалардың қажет екенін алға тартады.

– Олимпиададағы көрсеткіштен кейін Ел Президентінің пікірін күткеніміз рас. Қысқа да нұсқа баға берілді. Яғни баға қанағаттанарлықсыз. Яғни 2 деген баға қойылды. Жүлде алғаны бар, алмағаны бар спортшыларда кінә жоқ. Бірен-саран болмаса барлығы дерлік өздерінің бүгінгі шама шарқымен сайысты. Үлкен мәселе осы спортшыларды дайындауда. Спорт саласындағы заңдар, актілер қазіргі заман талабына сай келе бермейді. Көп актілер сол 2000 жылдары Дәулет Тұрлыханов басқарған кезден өзгеріссіз келеді. Бұрындары құқықтық нормативтерге байланысты пікірлерімізді министрге не агенттіктің төрағасына тікелей кездескенде айтуға мүмкіндік көп болатын. Сол кездегі басшылық

**ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК**

1996 жылдан бері Олимпиада ойындарына қатысып келе жатқан ел құрамасының көрсеткіштеріне тоқталсақ.

1996 жыл. Атланта Олимпиадасы – 98 спортшы, 3 алтын, 4 күміс, 4 қола. 197 ел арасынан 24 орынға тұрақтады.

2000 жыл. Сидней Олимпиадасы – 126 спортшы, 3 алтын және 4 күміс алғандықтан, еліміз 199 мемлекет арасынан 22 орынға көтерілді.

2004 жыл. Афина Олимпиадасы – 117 спортшы, 1 алтын, 4 күміс, 3 қола жүлдемен 201 елдің арасында 40 орынға ие болды.

2008 жыл. Бейжің Олимпиадасы – 132 спортшы, 2 алтын, 5 күміс, 6 қола – 203 ел арасында 29-орынға табан тіреді. (Илья Ильинның алтынын қосқанда).

2012 жыл. Лондон Олимпиадасы – 114 спортшы, 7 «алтын» жеңіп алып, бұрын-соңды болмаған нәтиже көрсеткен еді. Бірақ Халықаралық олимпиада комитеті тағы да допинг дауымен 4 спортшымызды медалінен айырды. 7 чемпионның үшеуі ғана өз көрсеткіштерін сақтап қалды. Сондай-ақ 1 күміс, 4 қола жүлдемен 12 орынға ие болған еді.

2016 жыл. Рио Олимпиадасы – 107 спортшы, 18 медаль (3 алтын, 5 күміс, 10 қола) 22 орын.

2020 жыл. Токио Олимпиадасы – 97 спортшы, 8 қола жүлде, 83 орын.

"қандай мәселе бар, мына жағдайға қалай қарайсыңдар" деп пікір алмасатын. Қазір байқаймын, ондай мүмкіндіктер өте азайған. Иә, Токиодағы нәтиже спортқа деген көзқарасты өзгертуге алып келуі керек. Талантты спортшы мен жаттықтырушылар елде жеткілікті. Нәтиже беру үшін қазіргі уақыт талабына сай келетін жағдай яғни заң нормативтері болу керек. Спортпен бірге заманауи спорт медицинасы қатар жүруі қажет. Жалпы спорттың дамуына кедергі келтіретін шектеулерге мониторинг жүргізіліп, оларды мүмкіндігінше азайту қажет. Бүгінде кедергілер жеткілікті. Жергілікті спорт федерациялары мен жеке спорт клубтары және жекелеген жаттықтырушылардың жұмыс істеу заңдылығын жетілдіріп, жеңілдетуі тиіс. Бұл шаруалар, яғни реформалар, Президентіміз атап өткендей, шұғыл әрі сапалы жасалуы қажет. Соңғы уақытта спорт саласы сапа емес, сан қуып кетті. Аулалардағы балалар ойын алаңын ешқандай стандарттарға сай келмейтін спорт нысаны деп статистикаға кіргізді. Бір жылда стандартқа сай емес отыз-қырық ойын алаңдары салынса, соның бәрі спорт нысаны болып есепке енді. Мысалы, Қызылордаға ауа райына байланысты жабық спорт нысандарын салған тиімдірек. Жазда күн ыстықта ойын алаңдарында ойнай алмайды. Қыста да солай. Жаз мезгілінде кешке күн батарда азғантай мүмкіндік бар. Қалған уақытта олардың бәрі бос. Мемлекеттік бағдарлама жасалып, әр аймақтың ерекшелігін есепке алып, спортты дамытуға жұмыс істейтін кәсіпкерлерді, жеке жаттықтырушылар мен клубтарды жеңілдетілген пайызбен не пайызсыз несиелер қаралуы қажет. Спорт ғимаратын салуға, спорттық инвинтар шығаруға әлгі несиелер пайдасын тигізеді. Спорт саласын мемлекет бюджетінен қаржыландыруға болмайды. Спорт пен дене шынықтыру индустриясын дамыту жолында іс-шаралар қолға алынуға тиіс. Көптеген дамыған мемлекеттерде спорт саласын мемлекеттің қаржыландыруы өте минималды. Барлығы дерлік жеке клубтарда, қоғамдық ұйым спорт федерацияларында дайындалады. Мемлекет осы саланың дамуын құқықтық актілермен реттейді. Біздегідей арнайы спорт министрліктері, басқармалар, бөлімдер жоқ. Бізде кеңес кезінен сақталған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің жүйесі бар. Осы мектептерге ерекше көңіл бөлінуі қажет. Үлкен спорттың, кәсіби спорттың негізгі фундаменті осы мектептер мен клубтарда. Президентіміз айтқандай, спорт саласы аса маңызды сала. Оны біресе ашып, біресе жауып, қысқартып, аласапыран қылса, реформа болмайды. Реформа жан-жақты кешенді түрде жаттықтырушы мен маманның көзқарасымен санаса отырып жасалу керек. Тағы бір мәселе, қазіргі таңда аудандарда спортқа жауапты бөлімдерде бір-екі маман ғана жұмыс істейді. Әлгі екеуі елу алпыс мың халыққа қалай қызмет көрсетеді. Енді сол мамандарды қысқартады деген ақпарат бар. Қысқарған соң бірнеше бөлімді қосады. Ал министрліктердегі штат саны сақталады. Тікелей спортшылармен тығыз жұмыс істейтін спорт маманы қысқарады да, қағазбастылықпен арпалысатын министрліктерде қызметкер саны артады. Мүлде келіспейтін жайт.



Қуат НАЙМАН

Белгілі файтер Қуат Найман да Олимпиада туралы Instagram парақшасы арқылы өз ойын ортаға салды.

– Токио Олимпиадасы біздің мемлекетте спорттың төмен екенін көрсетті. Бұл масқара! Неге? Ешкім жұмыс істегісі келмейді. Барлығы қағаз жүзінде тез дайын болып, есеп беріп құтылсам деп қана ойлайды. Легионерлерді әкеледі, жергілікті спортшыларға төмен қарайды. Ескі жүйенің барлығын құрту керек. Кадрлық өзгерістер қажет. Жастарға мүмкіндік беру керек. Спорт министрлігін туризм мен мәдениеттен жеке бөліп алу керек. Қаржылық жағдайдың барлығын бақылауға алған дұрыс. Біз бүтін ел ретінде бүкіл әлемнің алдында масқара болдық. Көршілер бетімізге қарап ашық күледі. Бұған біздің ұлт ретінде дәрменсіз қарап отырудан басқа амалымыз жоқ. Қай кезде жеке бастың пайдасы үшін емес, елдің игілігі үшін жұмыс істейді екенбіз, – деп жазды Қуат Найман Instagram парақшасында



Сейіл ҚОЖАТАЙ

Белгілі спорт сарапшысы Сейіл Қожатай елімізде Олимпиада ойындарына дайындық жүргізетін спорт нысандары, тіпті кейбір спорт түрлеріне көңіл бөлінбейтінін жеткізді.

– Жалпы еліміз ең алдымен медальды көп сарапқа салатын спорт түрлеріне көңіл бөлмейді. Мысалы, Олимпиада ойындарында медаль көрсеткіші ең көп спорт түрі – жүзу. Бір спортшының өзі бір Олимпиададан 7 дүркін чемпион атануға болады. Бұл сөзіме Олимпиаданың 23 дүркін жеңімпазы Майкл Фелпс немесе Токиода 7 медаль еншілеген австралиялық Эмма Маккеон дәлел. Өңірлерді шолып шықсақ, жүзу спортына дайындық жүргізетін бассейндер жоқтың қасы. Бізде ең алдымен инфраструктураны қолға алып, стандартқа сәйкес спорттық нысандарды салу керек. Кешегі Олимпиадада өнер көрсеткен Баландинның жүлдесіз қалғанына біз ренжімеуіміз керек. Стандартқа сәйкес бассейні жоқ елден Олимпиадаға барудың өзі жетістік. Оның үстіне ол Рио Олимпиадасында алтын жүлдені қоржынға салды. Сонымен қатар көркем гимнастикаға да бокс секілді көңіл бөлу керек. Бұл спорт түрінде де жүлделер көп. 100-ге жуық спортшы қатысып, 7-8 медаль еншілегеннен гөрі бір спортшының 5-6 жүлдеге қол жеткізуін ойлаған ләзім.



Есей ЖЕҢІСҰЛЫ

Ал спорт комментаторы, журналист Есей Жеңісұлы бұл көрсеткіш өз деңгейіміз, оған бола қымсынудың қажеті жоқ екенін айтты.

– Бұл Олимпиада нәтижесі соншалықты сорлы ма? Менің ойымша, жаман емес. 8 медаль деген Қазақстанның бұған дейінгі нәтижесінен саны жағынан төмен емес. Ал сапасы жағынан, әрине, алтынымыз, күмісіміз жоқ. Сол үшін жер соғуға, аһ ұруға болады. Бірақ Токио Олимпиадасы біздің қазіргі спорттағы жағдайды түгел саралап берді. Бокстан басқа елдің өрендері жақсы өскенін көрдік. Ал біздің кері шегінгенімізді байқадық. Күрестен сол бір орында тапырақтап тұрғанымызды ұғындырды. Ешқандай прогресс жоқ. Жаңадан қосылған каратэ біздің абыройымызды аздап көтерді. Екі қола алдық. Егер каратэ келесі Олимпиада бағдарламасынан сызылып қалатын болса, біздің көзірлеріміз кемиді деген сөз. Ауыр атлетика дәстүрді сақтай алды. Бірақ төрешілердің бармақ бастылығы да болды. Сосын спортшыларымыздың негізгі қарсыластарынан бәрібір шеберлігі кем екені байқалып тұрды. Ауыр атлетикадан екі қола өте жақсы нәтиже.

Екі балуанымыз қола үшін күресіп, есесін қарсыласына жіберіп алды. Бұл бізде қалыптасып қалған, дәстүрге айналған десе де болады. 2012 жылғы Олимпидада бірқатар спортшыларымыз жеңілген болатын. Әйелдер күресінен үш спортшымыз барды. Үшеуі де алғашқы қарсыластарын жеңе алмады. Бұл – өте нашар нәтиже. Бұл спортта да кері кету бар деген сөз. "Сәкен Бибосыновтың жолын шалды деп жатқандар көп. Бірақ спорт шолушысы ретінде мен мынаны айтамын: бірінші раундта нокдаун алып қалған жігіт үшінші раундта бас көтермей соғуы керек еді. Ал біздің жігіт қарсыласын күтіп жүріп қалды. Төрешілер де ақымақ емес, соның бәрін көріп отыр. Сәкен қарсыласынан бір емес, екі балл жоғары болуы керек еді. Сондықтан бұл жерде төреші шешімімен келісемін. Қорыта келе, жұртты қараламас бұрын осы деңгей өзімізге лайық екенін мойындауымыз керек. Екіншіден, жұртты күндемеу керек. Қырғыз, түркімен, өзбек озып кетті деп, өзге ұлтпен салыстырудың қажеті шамалы. Өйткені осы уақытқа дейін олар біздің артымызда қалып келді. Өзбектің бізден озғаны екі-ақ Олимпиада. Оған дейінгі бес Олимпиадада біз оздық. Демек, олардың да оза шабатын кезі туды. Ал неге біз оны күндеуге тиіспіз. Күндейтіндей ол бізге үш қайнаса сорпасы қосылмайтын халық емес, көршілес, туысқан халық. Сондықтан қуана білуіміз керек. Спортымыз бітті, сорладық, бір спортшыға бөленбай ақша бөлгенде, неге содан нәтиже болмады деген өтірік, кәсіби емес сөз деп есептеймін. Өйткені Олимпиадаға барған әрбір ел өз спортшысына белгілі бір дәрежеде ақша жұмсайды. Бірақ сол спортшының бәрі сол ақшаны ақтап жатқан жоқ. Сондықтан біз жұртты қызғануды қойып, балалар мен жасөспірімдер спортына ерекше назар аударып, алдағы үш жылда кем-кетікті түзетуге тырысу керек. Бізге ешкім 8 қоланы қолымызға ұстатқан жоқ, үлкен еңбекпен келді. Меніңше, қымсынудың қажеті жоқ, осы нәтижеден қорытынды шығаруымыз керек.

**Ерасыл ШӘРІБЕК**

18 ТАМЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СПОРТ КҮНІ



**Айбек ТІЛЕКТЕСОВ, спортшы:**

# СПОРТ – МЫҚТЫ ДЕНСАУЛЫҚ, КӨТЕРІҢКІ КӨҢІЛ-КҮЙ

**− Айбек, сіздің күнделікті спортпен айналысатыныңыздан хабардармыз. Спортшы болу бала күнгі арманыңыз ба әлде денсаулығыңыз үшін мән бересіз бе? Жалпы жаттығу жасап, саламатты өмір салтын ұстануды қашаннан бері дағдыға айналдырдыңыз?**

− Спорт бала кезгі арманым десем жалған болар. Балалық шақта тек футбол ойнауға ден қойдым. Қазақтың " Ден саудың − жаны сау» деген сөзін жақсы білесіздер. Менің де өмірлік ұстанымым осы. Сол үшін күнделікті жүгіремін. Белтемірде жаттығу жасаймын. Мұндай белсенділікті қазіргі қызметім де талап етеді. ҚР Қарулы күштерінде әскери қызметші болған соң спортпен айналысуды дұрыс деп санаймын.

**− Спортқа тұрақты көңіл бөлу үшін уақытты қалай жоспарлайсыз?**

− Күнделікті кешке уақытымды жаттығуға арнаймын. Ал демалыс күндері таза ауада таңғы салқынмен жүгіремін. Ұзақ қашықтыққа велосипед тебемін. Белгілі бір қашықтыққа жүгіруді меже етіп, сол мақсатқа жетуге талпынамын.

**− Спорттың адам денсаулығына пайдасы көп. Бірақ кейде шамадан тыс дайындықтың немесе оған ара-тұра көңіл бөлудің кері салдары бар екені айтылады. Осы орайда арнайы мамандардан кеңес алдыңыз ба?**

− Иә, кейде артық жүгіруден соң денеге шамадан тыс ауырлық түсетінін байқаймын. Бірақ алға қойған мақсатқа жетуге ештеңе кедергі емес деп ойлаймын. Арнайы мамандардан да кеңес алған емеспін. Себебі жеңіл атлетикаға маман көмегінің қажеті жоқ. Қазір ғаламтор арқылы іздегеніңізді табуға болады. Әмбебап спортшылардың түсірген бейнежазбасын қарап, сол кісілердің жасағанын қайталауға тырысамын. Мықтылардың межесіне, мақсатына жету арманым десем де болады.

**− Спортпен айналысқалы қандай оң нәтижелер байқадыңыз?**

− Спортпен жиі айналысатын адамда әрқашан жеңілдік сезімі болады. Денең қатаяды. Он екі мүшеңнің жақсарғанын сезінесің. Аурумен жақсы күресесің. Бұл бір мақсатқа жетудегі нәтиже деп түсінемін. Әрқашан көңіл күйің көтеріңкі болады, өмірге деген көзқарасың да өзгереді. Үнемі спортпен айналысатын жан саламатты өмір салтын ұстанады деп ойлаймын.

**− Қанша күннен бері халық әлемдік доданы бақылады. Ал сіз спорттың қай түріне жанкүйерсіз?**

− Мен спорттың street workout түріне, бокс, және ережесіз жекпе-жек түріне жанкүйермін. Қазақстанның осы спорт түрлерінде жүрген спортшыларының жетістіктерін үзбей қараймын.

**− Халықаралық спорт күнінің қарсаңында оқырмандарға қандай кеңес берер едіңіз?**

− Жастарға үнемі денсаулығын күтіп, саламатты өмір салтын ұстануға кеңес беремін. Қыс-жаз мезгіліне қарамастан, жұмысты қалай алып жүресіздер, спортты да солай өміріміздің бір бөлшегі санау керек деп ойлаймын. Өйткені қазір жастар ұялы телефонды, компьютерді көп қарайды. Бірақ оның пайдасына қарағанда зияны көп. Халықтың саны артып, дені сау ұрпақ көбейсін десек, кезіндегі ата-бабаларымыз секілді қымыз, шұбат ішіп, дұрыс тамақтанып, спортпен айналысу қажет дегім келеді.

**− Сұхбаттасқаныңызға рақмет!**

**Гүлдана ЖҰМАДИНОВА**

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРЛЫҒАШТАРЫ

Ақтөре ИБРАГИМҰЛЫ,
Сырдария аудандық мәслихатының депутаты,
Jas Otan ЖҚ бөлімше басшысы:

# ОТЫЗҒА ДЕЙІН...



**Түрлі салада жемісті еңбек етіп жүрген белсенді жас көп. Тәуелсіздіктің қарлығаштары азат елдің әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени дамуына хал-қадірінше үлесін қосып келеді. Сондай жалынды жастардың бірі – Сырдария ауданының тумасы Ақтөре Ибрагимұлы. 80 жылдан астам тарихы бар Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газетінің бас редакторы қызметін атқаратын ол Қызылорда облысы әкімінің «Сыр үміті» жастар сыйлығының, «Ғани Мұратбаев» төсбелгісінің иегері, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.**

– "Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз". Бұл азат елдің негізін қалаған Елбасының қанатты сөзі. Мұнан асырып ештеңе айта алмасымыз анық. Тек сол құндылықтың мәнін тереңнен ұғып, 30 жылдық белесті абыроймен еңсеріп жатқан еліміздің өркендеуіне үлес қосуымыз қажет. Ол үшін білім алып, ғылым меңгеріп, белгілі бір саланың білікті маманы атануға барымызды салуға тиіспіз. Өйткені қазір білімнің заманы. Қай ел көп біледі, сол елдің абыройы асқақ болады. Сондықтан Тәуелсіздік сыйлаған мүмкіндікті тиімді пайдаланып, бос уақытымызды оқуға, тәжірибе жинақтауға, аға буынның абыройлы жолын жалғастыруға арнағанымыз жөн, – дейді Jas Otan ЖҚ Сырдария аудандық бөлімшесінің басшысы.

Жалынды жас праймеризде сайлаушылардың жоғары дауысына ие болды. Ол саяси науқандағы жетістігін адал еңбекпен және жастық жалынмен байланыстырады.

– Тәуелсіз Қазақстанның тарихында тұңғыш рет ашық әрі барлық демократиялық талаптар сақтала отырып ұйымдастырылған праймериз үміткерлердің бәріне тең мүмкіндік берді. Кім халықтың сеніміне ие, сол жеңіске жетті. Жетістігімді халықтың қолдауымен, сенімімен және сол қолдау мен сенімге жетелеген еңбегіммен, жастық жалыныммен байланыстырамын. Жалпы, мен «Отызға дейін» деген принципті ұстанамын. Адам отыз жасқа дейін жетістіктерді бағындырып, өмірден өз орнын таппаса, бәрі бекер. Отыз елдің қатарына қосылу идеясының да мәні осында. Саяси науқанға қатысып, бағымды сынаудағы басты мақсатым – халық пен билік арасына дәнекер болу. Бүгінде депутаттық қызметіміздің алғашқы жартыжылдығы қорытындылады. Атқарған жұмысымыздың бағасын халық береді деп ойлаймын, – дейді аудандық мәслихаттың депутаты.

Нарық заманы жастардан бірнеше жерде жұмыс істеуді талап етеді. Жастар бос уақытын бекер өткізбеуі қажет. А.Ибрагимұлы негізгі қызметінен бөлек «Сырдария – Ақпарат 2050» қоғамдық бірлестігінің төрағасы ретінде ұйым жұмысын үйлестіріп келеді. Атап айтқанда, мүмкіндігі шектеулі азаматтармен, жастармен спорттық, мәдени-көпшілік іс-шаралар ұйымдастыруда. Аудандық мәслихаттың ең жас депутаты ретінде тұрақты комиссия отырыстары мен сессияларда тұрғындардың ұсыныс-пікірін жергілікті атқарушы органға жеткізіп, мәселелердің шешілуіне ұсыныс енгізуде. Ал «Jas Otan» ЖҚ аудандық бөлімшесінің басшысы ретінде партияның жобаларын, жоспарларын іске асыруға атсалысады. Сондай-ақ шығармашылығын ұмыт қалдырмай, облыстық жазба ақындар мүшәйрасына қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр.

# JULDYZ – JORAMAL

***(12 - 18 тамыз)***

**Тоқты**
Жұлдыздар өткен күнді ұмытуға кеңес береді. Сонымен бірге алғашқы махаббатты да ұмытқан жөн. Жүрегіңізді жаралаған адамды ойлай бермей, өмірге өзге көзқараспен қарау керегін ескеріңіз. Сонда ғана махаббатта жолыңыз болады.

**Торпақ**
Жер дөңгелек екеніне тағы бір мәрте көз жеткізесіз. Бұрынғы жақыныңыз сізге таяу жерден жұмысқа орналасады. Оны күнде көру керегіне қынжылмаңыз. Бұл келеңсіздік сізге тағы бір мүмкіндік беріп тұр.

**Егіз**
Арқаны кеңге салып, тыныштықта демаламын деп ойласаңыз, қателесесіз. Тапсырма көп, олардың барлығын тез орындау қажет болады. Сондықтан уақыттың қадірін біліңіз.

**Шаян**
Белсенділік танытып, барлық шаруаға үлгеремін десеңіз, уақытты үнемдеңіз. Тек нақты тапсырмамен айналысыңыз. Аптада жақын жандарға көңіл бөлуді ұмытпаңыз.

**Арыстан**
Айналаңызда қызықты оқиғалар орын алады. Жұлдыздар ешқайсысына араласпауға кеңес береді. Көпшілік ортада көзге түспеуге тырысыңыз. Шығармашылық жандарға апта тиімді болады.

**Бикеш**
Егер артық салмақпен күресуді көздеп жүрсеңіз, спортпен шұғылданыңыз. Сонда ғана ойлаған ойыңыз жүзеге асады. Салмақтан да арыласыз. Аптаны қызықты өткізу үшін жақсы жоспар құрыңыз.

**Таразы**
Апта ерекше тосынсыйға толы. Өзіңіз жақсы танитын адамның ерсі қылығы сізді таңқалдырады. Дегенмен ненің жақсы, ненін жаман екенін білетін уақыт келді. Достың да қастық жасайтынына көз жеткізесіз. Сақ болыңыз.

**Сарышаян**
Аптада сәттілік серігіңіз болады. Кәсіби біліктілігіңізді арттырып қана қоймай, өзіңіз де өзгелерге білгеніңізді үйретесіз. Жұлдыздар жұмыс ауыстыруға кеңес береді. Бұл жетістікке жетудің бір жолы болады.

**Мерген**
Жеке өміріңізде жағымды жаңалықтар орын алуы мүмкін. Бұл жағдай сізді ерекше қуанышқа бөлейді. Апта кәсібіңізді дөңгелетуге, жетістікке жетуге қолайлы болады.

**Тауешкі**
«Біреуге ор қазба, өзің түсесің» деген тәмсілді естен шығармаңыз. Аяқтан шалу кісілікке жатпайды. Жұлдыздар ешкімнің ісіне араласпауға кеңес береді, сонда ғана жұмысыңыз жеңілдейді.

**Суқұйғыш**
Жаман ойлардан аулақ болыңыз. Сонда ғана денсаулығыңызға еш қауіп жоқ. Көп нәрседен күдіктеніп, өз-өзіңізге ауру шақырмаңыз. Жұлдыздар денсаулыққа жіті мән беруге кеңес береді.

**Балық**
Әріптестік қарым-қатынаста сақ болыңыз. Кикілжіңнен бойыңызды барынша аулақ ұстаңыз. Жақын арада іс-сапармен өзге өңірге сапарға шығасыз. Көп адамдармен танысып, дос қатарын көбейтесіз.

Кезекші редактор: Г.ЖҰМАДИНОВА

# Бақытты іздеу – өзгерудің белгісі



**Бақыт пен тыныш өмірді даладан іздеудің керегі жоқ. Олар біздің айналамызда. Қателік – бізден. Біз өзіміздің кемшіліктерімізді түзесек, сын пікірден аулақ болсақ, тыныштықта жүреміз. Бақытты болу үшін тағы не істеу қажет?**

**1. «Менікі дұрыс» деген пікірден қашық болыңыз.**
Біздің арамызда күйзеліс орнап, жүрек ауырып, қарым-қатынас бітуге шақ қалғанда да, өзгенің көзқарасын, пікірін қабылдай алмайтын адам өте көп. Мұның жанында сіздің тырмысуларыңыз ештеңеге тұрмайды.

**2. Бәрін бақылауды доғарыңыз.**
Айналаңызда болып жатқан оқиғалардың барлығын бақылаудан тыйылыңыз. Мейлі, олар сіздің туысыңыз, бауырыңыз, әріптесіңіз, көшедегі бейтаныс адам болсын. Оларға өз болмысымен күн кешуге мүмкіндік беріңіз. Өзгеге ұнай алмағаны үшін ешкім де кінәлі емес.

**3. Өзгеге кінә артудан арылыңыз.**
Сізде жоқ нәрсе үшін, сіздегі сезімдер үшін өзгені айыптамаңыз. Энергияңызды мұндай әурелікке жұмсамастан, өміріңізге деген жауапкершілікті мойныңызға алғаныңыз жөн.

**4. Негатив ойларға орын жоқ!**
Негативті ойлары мен эмоцияларына өмірін басқаруға мүмкіндік беру арқылы қаншама адам өзіне зиян тигізіп жатыр. Сіз мықтысыз және ұлы істер жасауға қабілетіңіз бар.

**5. Шағым айтуды доғарыңыз.**
Сізді бақытсыз, мұңды ететін адамға, жағдайға, жаңалыққа шағым айту әдетіңізде бар ма? Дереу ес жиыңыз! Ешкімнің де сізді бақытсыз етуге қақысы жоқ, ешбір жағдай сіздің көңіл-күйіңізді басқара алмайды. Теріс сезімді тудыратын да жаңалықтар емес.

**6. Сыннан бас тартыңыз.**
Сізден өзгешеленетін адамдар мен сіз күтпеген оқиғаларды сынауды қойыңыз. Адамдардың бәрі әртүрлі және бәріне бірдей ұнай бермейді.

**7. Өзгеге жағуды тоқтатыңыз.**
Шын мәніндегі бейнеңізді жоғалтып, өзгелер үшін екіжүзді болуды тастаңыз. Масқаңызды шешіңіз және шынайы «меніңізді» жақсы көріңіз.

**8. Өзгерістерге қарсы тұруды доғарыңыз.**
Өзгерістер – бұл қалыпты, олар А бекетінен Б бекетіне жету үшін ауадай қажет. Өзгерістер сіздің, біздің және олардың өмірін өзгертуге септігін тигізеді және бақытты ете алады.

**9. Өткенді жіберіңіз.**
Білеміз, бұл қиын. Әсіресе, өткен қазіргіден де ұнайтын, ал болашақ күңгірт болғанда таңдау жасау оңай емес. Алайда, осы шақ – сіздің барыңыз. Осы фактіні қабылдаңыз.

**10. Қорқыныштан арылыңыз.**
Қорқыныш – бұл жай ғана иллюзия, ол жоқ нәрсе. Оны жасаған мына сіз. Бәрі де сіздің ойыңызда. Ішкі қарым-қатынасыңызды өзгертіңіз – сырты өз орнына келеді.

**11. Өзге адамдарды күтумен өмір өткізуді тоқтатыңыз.**
Көпшілік өзіне тиесілі емес өмірді сүріп жатыр. Олар басқалардың: ата-анасының, достарының, ұстаздарының, үкіметтің және қоғамның дұрыс деп тапқанымен жүреді. Олар өздерінің ішкі дауысын жоққа шығарады. Өзгелерді күтуге беріліп кеткені соншалықты, өз өміріне бақылау жасаудан қалған. Олар шын мәніндегі бақыт әкелетін жолды, шын мәніндегі қалауын ұмытып қалған, соңында өздерін де ұмытады.

# Шетелде тегін білім алуға арналған бағдарламалар



**Әлемдегі жағдайға қарамастан шетел асып, оқуға аттанып жатқандар жеткілікті. Өйткені шетелде білім алу – алға ұмтылудан талмайтын әр адамның арманы. Оны іске асыру үшін виза жасау, шығындар сияқты түрлі қиындықтарға тап боламыз. Дегенмен түрлі гранттар мен шәкіртақы бөлетін бағдарламалар бар. Олар оқу ақысын, кейде тұрғылықты жер, құжаттарды рәсімдеу мен жол ақысын өтейді. Оны бакалавр, магистрлар және аспиранттар да пайдалана алады. Бүгін осы жаз бен күзде тапсыруға болатын бағдарламаларды ұсынамыз.**

**Dalhousie University**
Ел: Канада
Дедлайн: 1 тамыз
Университет шетелдік студенттердің Abdul Majid Bader Graduate Scholarship шәкіртақы бағдарламасын ұсынады. Оны магистратура немесе аспирантура бағдарламаларында білім алып жатқан шетелдік студент ала алады. Ең көп шәкіртақы мөлшері жылына — 40 000 доллар. Шәкіртақы студенттің оқу үлгеріміне сәйкес созылуы мүмкін. Университет өнер, физика, социология, саясаттану, тіл және экономика салалары бойынша түрлі білім бағдарламаларын ұсынады.

**Leibniz Institute of European History**
Ел: Германия
Дедлайн: 15 тамыз
Лейбниц атындағы Еуропа тарихы институты жас зерттеушілерге (докторант) арналған шәкіртақы ұсынады. Оны жергілікті аймақтан келген студенттер ғана емес, шетелдіктер де ала алды. Еуропаның діни, саяси, қоғамдық және мәдени тарихына зерттеу жүргізіп жатқан студенттер ала алады. Шәкіртақы мөлшері айына – 1350 еуро.

**Schwarzman Scholars**
Ел: Қытай
Дедлайн: 2021 жылдың қыркүйегі
Schwarzman Scholars бағдарламасы халықаралық қарым-қатынас саласында жас көшбасшыларды дайындау мақстында құрылған. Әлемнің үздік студенттері өздерінің кәсіби әрі көшбасшылық дағдыларын Пекиндегі Цинхуа университетінде магистратура оқу арқылы жетілдіре алады. Университет Қытайдың үздік университеттерінің қатарына кіреді. Бағдарламаға 18-28 жас аралығындағы магистрант қатыса алады. Ал дедлайн уақыты 2021 жылдың тамыз айында нақты белгілі болады.

**DAAD Doctoral Programmes in Germany**
Ел: Германия
Дедлайн: 29 қазан
Жоғары білікті мамандар, соның ішінде магистр деңгейі бар жастар жеке зерттеу жобасын дайындау үшін шәкіртақы ала алады. Қаржыландыру уақыты шамамен төрт жыл. Ай сайын шәкіртақы мөлшері маманның академиялық деңгейіне сәйкес беріледі. Магистрлерге ай сайын 861 еуро берілсе, доктaранттар 1200 еуро алады.

**The University of Sydney**
Ел: Аустралия
Дедлайн: 30 қыркүйек
Сидней университеті өнер, қоғамдық ғылымдар, сәулет өнері, бизнес, білім, информатика салалары бойынша білім алып жатқан магистратура және PhD студенттері арасында шәкіртақыға байқау жариялайды. Шәкіртақы мөлшері – 28 596 доллар.

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген.
«Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Айжан АБДУЛЛАЕВА

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
**e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com**
**Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz**

**Таралымы: 8517**
**Тапсырыс: 1167**